

«Заман-Банк» Акционерлік Қоғамы

Каржылық есептілік

*2016 жылғы 31 жеселтоқсанда аяқталған жыл үшін,
тәуелсіз аудитордың есебімен бірге*

МАЗМУНЫ

ТӘУЕЛСІЗ АУДИТОРДЫҢ АУДИТОРЛЫҚ ЕСЕБІ

Қаржылық жағдай туралы есеп.....	1
Жыныстық кіріс туралы есеп	2
Капиталдағы өзгерістер туралы есеп.....	3
Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп	4

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

1. Негізгі қызмет бағыттары.....	5
2. Қаржылық есептілікті дайындау негізі.....	5
3. Есеп саясатының негізгі ережелері	6
4. Маңызды есептік пайымдаулар мен бағалаулар	17
5. Ақша қаражаты мен оның баламалары	18
6. Клиенттерге берілетін несиeler	18
7. Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	20
8. Басқаларға берілген несиeler бойынша дебиторлық берешек	21
9. Негізгі құралдар	21
10. Материалдық емес активтер	22
11. Қорлар	22
12. Салық салу	22
13. Басқа да активтер мен міндеттемелер	24
14. Несиелік ұйымдардың қаражаты	24
15. Клиенттердің қаражаты.....	24
16. Шартты міндеттемелер бойынша резервтер	25
17. Капитал	25
18. Шарттық және шартты міндеттемелер	25
19. Комиссиялық ақы мен алымдар күйіндегі таза кірістер.....	27
20. Шетел валютасындағы операциялар бойынша таза кірістер	27
21. Қызметкерлер құрамының шығыстары және басқа да операциялық шығыстар	27
22. Тәуекелдерді басқару	28
23. Өділ құнды бағалау.....	35
24. Активтер мен міндеттемелерді өтеу мерзімін сараптау	37
25. Байланысты тараптармен операциялар	37
26. Капитал жеткіліктігі.....	38

Тәуелсіз аудитордың аудиторлық есебі

«Заман-Банк» акционерлік қоғамның
Акционерлері мен Директорлар кеңесіне

Пікір

Біз «Заман-Банк» АҚ-ның (бұдан әрі - «Банк») қаржылық есептілігіне аудит жүргіздік, әрі оған 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы есеп, жиынтық кіріс туралы есеп, көрсетілген күнге аяқталған жыл үшін капиталдағы өзгерістер туралы есеп және ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп, сондай-ақ есеп саясатының негізгі ережелеріне қысқаша шолуды қоса алғанда, қаржылық есептілікке жасалған ескертпелер жатады.

Біздің пікірімізше, қоса беріліп отырған қаржылық есептілік барлық елеулі аспектілерде 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банктің қаржылық жағдайын, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған жыл ішіндегі ақша қаражатының қозғалысы мен қаржылық нәтижелерін Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі - «ХКЕС») сәйкес дұрыс бейнелейді.

Пікірді білдіру негізі

Біз аудитті Халықаралық аудит стандарттарына (бұдан әрі - «ХАС») сәйкес жүргіздік. Осы стандарттарға сәйкес біздің міндеттереміз одан әрі біздің қорытындымыздың «Аудитордың қаржылық есептіліктиң аудиті үшін жауапкершілігі» бөлігінде сипатталған. Біз Бухгалтерлерге арналған халықаралық этика стандарттары жөніндегі кеңестің Кесіпқой бухгалтерлер этикасының кодексіне (бұдан әрі - «БХЭСК Кодексі») сәйкес Банкке қатысты біз тәуелсізбіз және біз БХЭСК Кодексіне сәйкес басқа да этикалық міндеттерді орындадық.

Біз алынған аудиторлық дәлелдер өз пікірімізді білдіру үшін негізdemе ретінде болуы үшін жеткілікті әрі лайықты болып табылады деп пайымдаймыз.

Басшылықтың және корпоративтік басқаруға жауап беретін тұлғалардың қаржылық есептілік үшін жауапкершілігі

Басшылық қаржылық есептіліктің ХКЕС-ке сәйкес жасалуы және шынайы ұсынылуы үшін әрі басшылық шынайы емес әрекеттердің немесе қатенің салдарынан маңызды бұрмалануы жоқ қаржылық есептілікті дайындау үшін қажет деп санайтын ішкі бақылау жүйесі үшін жауапкершілік көтереді.

Қаржылық есептілікті дайындау кезінде басшылық Банктің өз қызметін үздіксіз жалғастыра алу қабілетін бағалау үшін, тиісті жағдайларда қызметтің үздіксіздігіне қатысты мәліметтердің ашылып көрсетілуі үшін және басшылық Банкті таратқысы келген, оның қызметін тоқтатқысы келген жағдайларды немесе оның мұндай әрекеттерге іс жүзіндегі баламасы болмай қалған жағдайларды қоспағанда, есептіліктің қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалдың негізінде жасалуы үшін жауапкершілік көтереді.

Корпоративтік басқаруға жауап беретін тұлғалар Банктің қаржылық есептілігін дайындау процесіне қадағалау үшін жауапкершілік көтереді.

Аудитордың қаржылық есептіліктің аудиті үшін жауапкершілігі

Біздің мақсатымыз қаржылық есептілік бүтіндей адаптация емес әрекеттердің немесе қателердің салдарынан және біздің пікірімізді қамтитын аудиторлық қорытындыны шығаруда елеулі бұрмалануларды қамтымайды деген ақылға қонымын сенімдікке қол жеткізу болып табылады. Ақылға қонымын сенімділік сенімділіктің жоғары дәрежесін білдіреді, бірақ ХАС-қа сәйкес жүргізілген аудит елеулі бұрмалану бола қалғанда оны әрдайым анықтайдырының кепілдігі болып табылады. Бұрмаланулар адаптация әрекеттердің немесе қателердің нәтижесі болуы мүмкін және егер олар жеке-жеке немесе жиынтығында осы қаржылық есептіліктің негізінде қолданылатын пайдаланушылардың экономикалық шешімдеріне әсер етуі мүмкін деп негізделген қүйде пайымдауға болса, елеулі болып есептеледі.

ХАС-қа сәйкес жүргізілетін аудиттің шеңберінде біз көсіпқой пайымдауды қолданып, бүкіл аудиттің бойына көсіптік скептицизмді сақтап қаламыз. Сонымен бірге, біз келесіні орындаймыз:

- ▶ адаптация әрекеттердің немесе қателердің салдарынан болған қаржылық есептіліктің елеулі бұрмалану тәуекелдерін анықтап, бағалаймыз; осы тәуекелдерге жауап ретінде аудиторлық процедуралердің жасаймыз; өз пікірімізді білдіру үшін негізденеме ретінде болуы үшін жеткілікті өрі лайықты болып табылатын аудиторлық дәлелдерді аламыз. Қателердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмауы тәуекеліне қарағанда, жоғарыдағы адаптация әрекеттердің нәтижесінде елеулі бұрмаланудың анықталмай қалу тәуекелі, өйткені адаптация әрекеттерге сөз байласу, алдау, қасақана жіберіп қою, ақпараттың дұрыс ұсынылмауы немесе ішкі бақылау жүйесін айнала жасалған амалдар кіруі мүмкін;
- ▶ Банктің ішкі бақылау жүйесінің тиімділігі туралы пікірді білдіру мақсатында адаптация, жағдайларға сәйкес келетін аудиторлық процедуралерді өзірлеу мақсатында, аудит үшін маңызы бар ішкі бақылау жүйесін түсініміз;
- ▶ қолданылатын есеп саясатының лайықты сипаттын және басшылық айқындаған бухгалтерлік бағалау және тиісті ақпараттың ашылып көрсетілу негізделілігін бағалаймыз;
- ▶ басшылықтың қызметтің үздіксіздігі туралы жорамалды қолдану зандылығы туралы тұжырым жасаймыз және түсken аудиторлық дәлелдердің негізінде Банктің өз қызметтің үздіксіз жалғастыру қабілеттінде айтартылған күмән туғыза алатын оқиғаларға немесе талаптарға орай елеулі белгісіздіктің бар екендігі туралы тұжырым жасаймыз. Егер де біз елеулі белгісіздіктің болуы туралы тұжырымға келетін болсақ, біз өзіміздің аудиторлық қорытындымында қаржылық есептілікте ақпараттың тиісінше ашылып көрсетілуіне назар аудартуымыз керек немесе егер ақпараттың осылайша ашылып көрсетілуі лайықты болып табылмаса, пікірімізді түрлендіру керек. Біздің тұжырымдар аудиторлық қорытындымын жасалған қынға дейін түсken аудиторлық дәлелдерге негізделген. Дегенмен келешек оқиғалар немесе талаптар Банктің өз қызметтің үздіксіз жалғастыру қабілеттінен айырылып қалуына өкеп соқтыра алады;
- ▶ қаржылық есептіліктің бүтіндей ұсынылуын, оның құрылымы мен мазмұнын бағалаймыз, оған қоса ақпаратты ашып көрсету, сондай-ақ қаржылық есептіліктің оның негізінде болған операциялар мен оқиғаларды олардың шынайы ұсынылуын қамтамасыз ететіндей етіп ұсынылатындығын бағалаймыз.

Біз корпоративтік басқаруға жауап беретін тұлғалардың назарына, өзгесінен басқа, аудиттің жоспарланған көлемі мен мерзімдері туралы, сондай-ақ аудит нәтижелері бойынша елеулі ескертулер туралы, оның ішінде егер біз аудит процесінде ондайларды анықтасақ, ішкі бақылау жүйесінің едәуір кемшіліктері туралы ақпаратты жеткізе отырып, солармен ақпараттық өзара әрекеттесуді жүзеге асырамыз.

Ernst & Young LLP

Бахтиёр Эшенкулов
Аудитор / Аудит жөніндегі партнер



Аудитордың 2012 жылғы 27 тамыздағы
№МФ-0000099 біліктілік қуәлігі

Гульмира Турмагамбетова
«Эрнст энд Янг» ЖШС-тің
Бас директоры



Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
2005 жылғы 15 шілдеде берген сериясы
МФЮ-2 № 0000003 болатын Қазақстан
Республикасының аумағында аудиторлық
қызметпен айналысуга арналған
мемлекеттік лицензия

050060, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
Әл-Фараби даңғылы, 77/7, «Есентай Тауэр» ғимараты

2017 жылғы 20 сәуір

ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ ЕСЕП
2016 жылдың 31 желтоқсанына
(мын ү төңгемен)

	<i>Ескерт.</i>	<i>2016 жыл</i>	<i>2015 жыл</i>
Активтер			
Ақша қаражаты мен оның баламалары	5	1.705.490	2.510.673
Клиенттерге берілген несиелер	6	11.730.901	12.188.539
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	7	41.319	42.341
Басқаларға берілген несиелер бойынша дебиторлық берешек	8	580.699	—
Негізгі құралдар	9	22.229	27.131
Материалдық емес активтер	10	14.786	23.096
Қорлар	11	190.565	190.565
Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қардышылған активтер	12	36.401	10.569
Басқа да активтер	13	21.711	6.127
Активтер жиыны		14.344.101	14.999.041
Міндеттемелер			
Несиелік ұйымдардың қаражаты	14	52.969	—
Клиенттердің қаражаты	15	2.448.795	3.002.344
Корпоративтік табыс салығы бойынша ағымдағы міндеттемелер	12	—	9.807
Шартты міндеттемелер бойынша резервтер	16	173.062	182.270
Басқа да міндеттемелер	13	52.064	98.096
Міндеттемелер жиыны		2.726.890	3.292.517
Капитал	17		
Жарғылық капитал		10.050.000	10.050.000
Қосымша төленген капитал		122.037	122.037
Бөлінбекен пайда		1.445.174	1.534.487
Капитал жиыны		11.617.211	11.706.524
Міндеттемелер мен капитал жиыны		14.344.101	14.999.041

Банк Басқармасы атынан қол қойылды және шыгаруға бекітілді

Елена Анатольевна Гупало

Басқарма Төрайымы

Римма Сеитова

Бас бухгалтер



2017 жылғы 20 сәуір

5-39 бет аралығында қоса берілген ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас болігі болып табылады.

ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЕСЕП**2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін****(мың теңгемен)**

	<i>Ескерт.</i>	2016 жыл	2015 жыл
Пайыздық кірістер			
Клиенттерге берілген несиeler		1.505.833	1.358.463
Каржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек		5.228	6.791
Несие мекемелердегі қаражат		254	259
		1.511.315	1.365.513
Пайыздық шығыстар			
Клиенттердің қаражаты		(16.917)	(5.686)
		(16.917)	(5.686)
Басқаларға берілген несиeler бойынша дебиторлық берешекті бастапқыда мойындаудан болған әсер	8	(181.870)	–
Таза пайыздық кіріс		1.312.528	1.359.827
Қарыздардың құнсыздану резервін есептеу	6	(490.324)	(814.666)
Несиelerдің құнсыздану резервінен кейінгі таза пайыздық кірістер		822.204	545.161
Комиссиялық ақы мен алымдар құйіндегі таза кірістер	19	149.781	136.806
Шетел валютасындағы операциялар бойынша таза кірістер	20	49.966	253.136
Басқа да кірістер		68.644	2.110
Пайыздық емес кірістер		268.391	392.052
Қызметкерлер құрамының шығыстары	21	(216.380)	(273.626)
Басқа да операциялық шығыстар	21	(204.527)	(167.035)
Резервтерді құрудан және құнсыздануынан болған басқа да кірістер	16	9.208	286.598
Пайыздық емес шығыстар		(411.699)	(154.063)
Корпоративтік табыс салығының шығыстарына дейінгі пайда		678.896	783.150
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	12	(142.365)	(157.306)
Бір жылғы пайда		536.531	625.844
Өзге да жиынтық кіріс		–	–
Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны		536.531	625.844

5-39 бет аралығында қоса берілген ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас болғып табылады.

КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ ЕСЕП
2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін
(мың теңгемен)

	Жарғылтық капитал	Қосымша төленген капитал	Бөлінбөген пайда	Капитал жынысы
2014 жылдың 31 желтоқсанына	10.050.000	122.037	1.487.031	11.659.068
Бір жылғы жиынтық кіріс	-	-	625.844	625.844
Акционерлерге арналған дивидендтерді төлеу (17-ескертке)	-	-	(578.388)	(578.388)
2015 жылдың 31 желтоқсанына	10.050.000	122.037	1.534.487	11.706.524
Бір жылғы жиынтық кіріс	-	-	536.531	536.531
Акционерлерге арналған дивидендтерді төлеу (17-ескертке)	-	-	(625.844)	(625.844)
2016 жылдың 31 желтоқсанына	10.050.000	122.037	1.445.174	11.617.211

5-39 бет аралығында қоса берілген ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас болігі болып табылады.

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП**2016 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін***(мың теңгемен)*

	<i>Ескерт.</i>	2016 жыл	2015 жыл
Операциялық қызметтөн болған ақша ағындары			
Түскен пайыздар		1.159.625	1.160.473
Төленген пайыздар		(19.668)	(2.534)
Комиссиялық ақы және түскен алымдар		150.156	157.053
Комиссиялық ақы және төленген алымдар		(4.493)	(3.761)
Шетел валюталарымен операциялар бойынша шығыстарды шегересе отырып іске асырылған кірістер		5.380	17.988
Басқа да түскен кірістер		26.789	2.110
Қызметкерлерге төленген шығыстар		(246.149)	(235.432)
Басқа да төленген операциялық шығыстар		(177.833)	(149.249)
Операциялық активтер мен міндеттемелердегі өзгерістерге дейінгі операциялық қызметтөн түскен ақша ағымдары		893.807	946.648
Операциялық активтердің таза (көбеко)/азауы			
Несие мекемелеріндегі қаражат	4		(31)
Клиенттерге берілген несиелер		(439.098)	(1.462.491)
Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек		5.706	7.954
Басқа да активтер		(11.466)	1.211
Операциялық міндеттемелердің таза көбеко/(азауы)			
Несиелік ұйымдардың қаражаты		52.969	—
Клиенттердің қаражаты		(473.513)	1.173.338
Басқа да міндеттемелер		(18.526)	(2.634)
Корпоративтік табыс салығына дейінгі операциялық қызметтөн түскен ақша қаражатының таза түсім		9.883	663.995
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар		(178.004)	(158.356)
Операциялық қызметтөн ақша қаражатының таза (жұмсалуы)/түсім		(168.121)	505.639
Инвестициялық қызметтөн түсетін ақша ағындары			
Негізгі құрападарды сатып алу	9	(9.836)	(4.653)
Материалдық емес активтерді сатып алу	10	(1.382)	(5.151)
Инвестициялық қызметте ақша қаражатының таза жұмсалуы		(11.218)	(9.804)
Қаржылық қызметтөн болған ақша ағындары			
Акционерлерге төленген дивидендтер	17	(625.844)	(578.388)
Қаржылық қызметтөн жұмсалуы таза ақша қаражаты		(625.844)	(578.388)
Ақша қаражаты мен оның баламаларындағы таза өзгеру		(805.183)	(82.553)
1 қантарға ақша қаражаты мен оның баламалары		2.510.673	2.593.226
31 желтоқсанға ақша қаражаты мен оның баламалары	5	1.705.490	2.510.673

5-39 бет аралығында қоса берілген ескертпелер осы қаржылық есептіліктің ажырамас болып табылады.

(Мың тәңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

1. Негізгі қызмет бағыттары

«Заман-Банк» Акционерлік Қоғамы (бұдан әрі мәтін бойынша – «Банк») Қазақстан Республикасындағы өз қызметін 1991 жылдан бері жүзеге асырып келеді. Банк халықтың салымдарын қабылдап, несиeler береді және Қазақстан бойынша, сол сияқты одан тыс жерлерге ақша қаражатын аударады, валюталарды айырбастау операцияларын жүргізеді, сондай-ак Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі (бұдан әрі мәтін бойынша – «ҚРҰБ») 2013 жылғы 12 маусымда берген № 1.1.11 лицензияның негізінде занды және жеке тұлғаларға басқа да банк қызметтерін көрсетеді. Банк қызметін ҚРҰБ реттейді.

Банк салымдарды сақтандыру жүйесінің мүшесі болып табылады. Бұл жүйе қазақстандық зандар мен нормативтік-құқықтық актілердің негізінде қызмет етеді, ал оның басқарылуын «Қазақстандық кепілдікпен сақтандыру қоры» АҚ жүзеге асырады. Сақтандыру Банктің міндеттемелерін өтейді: банкрот болған және ҚРҰБ банк қызметін жүзеге асыруға арналған лицензияны шақыртып алған жағдайда әрбір жеке салымшы алдында ұлттық валютада кепілдік берілетін депозиттер бойынша 10.000 мың теңгеге дейін және шетел валютасында кепілдік берілетін депозиттер бойынша 5.000 мың теңгеге дейін.

Банктің басты кенсежайының занды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, 141206, Екібастұз қ., Машхұр Жүсіп көшесі, 111А.

2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Банк акционерлері келесі занды және жеке тұлғалар болды:

Акционер	2016 жыл (%)	2015 жыл (%)
Абгужинов А.Т.	61,9	61,9
Абгужинов Т.С.	29,0	29,0
Жеке Секторды Дамыту жөніндегі Исламдық Корпорация	5,0	5,0
Басқа да акционерлер жеке 3% кем иелік ететіндер	4,1	4,1
Жиыны	100,0	100,0

2016 жылғы 31 желтоқсанда Директорлар кенесі мүшелерінің және Басқарма мүшелерінің бақылауында Банктің 2.991.021 акциясы немесе 30% (2015 жылы: 2.991.021 акция, немесе 30%) болды.

2013 жылы Жеке Секторды Дамыту жөніндегі Исламдық Корпорация (бұдан әрі – «ИДК») Банкті оның жарияланған және төленген капиталының 35% дейінгі мөлшердегі күтілетін салымдармен Ислам Банкіне қайта құру ниеті туралы жария етті. 2016 және 2015 жылдары Банк исламдық қаржыландыру бойынша кенес алды және Қазақстан Республикасында Ислам банкіне айналуды жоспарлап отыр.

2. Қаржылық есептілікті дайындау негізі

Жалпы ақпарат

Осы қаржылық есептілік Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына (бұдан әрі мәтін бойынша – «ХКЕС») сәйкес дайындалды.

Қаржылық есептілік «Есеп саясатының негізгі ережелері» бөлімінде аталып өткенді қоспағанда, нақты шығындар бойынша есепке алу қағидатына сәйкес дайындалды. Осы қаржылық есептілік акция сомаларын қоспағанда және егер өзгесі көрсетілмесе, мың қазақстандық теңгемен (бұдан әрі мәтін бойынша – «теңге») көрсетілген.

3. Есеп саясатының негізгі ережелері

Есеп саясатындағы өзгерістер

Банк 2016 жылғы 1 кварталдан немесе осы күннен кейін басталған жылдық есепті кезеңдерге қатысты күшіне енген келесі қайта қаралған ХКЕС-ты қолданды:

1 ХКЕС-ке (IAS) түзетулер «Ақпаратты ашып көрсету аясындағы бастама»

1 ХКЕС-ке (IAS) түзетулер 1 ХКЕС-тің (IAS) қолданыстағы талаптарын айтарлықтай өзгертпей, оларды түсіндіреді. Түзетулер мыналарды түсіндіреді:

- 1 ХКЕС (IAS) талаптары маңыздылықтың айқындалуына;
- пайда мен зияндар туралы және басқа да жиынтық кіріс (бұдан әрі – «БЖК») туралы есептегі (дегі) және қаржылық жағдай туралы есептегі жеке баптар бөлінуі мүмкін;
- ұйымның қаржылық есептілікке ескертпелерді беру тәртібін таңдау мүмкіндігі бар;
- үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін қауымдастыран компаниялар мен бірлескен кәсіпорындардың БЖК үлесі баптар бойынша ашып көрсетумен бір баптың шенберінде болек ұсынылуы тиіс, әрі олар кейіннен пайда немесе зиян құрамында қайта жіктелетін немесе жіктелмейтін болады.

Сонымен бірге, түзетулер қаржылық жағдай туралы есепте және пайда мен зияндар және БЖК туралы есепте қосынша аралық қорытынды сомаларды ұсыну кезінде қолданылатын талаптарды да түсіндіреді. Мұндай түзетулер 2016 жылғы 1 кварталдан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енеді.

ХКЕС-тің жыл сайынғы жетілдірулер, циклі 2012-2014 жылдар

Мұндай жақсарулар 2016 жылғы 1 кварталдан немесе осы күннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енеді. Оларға, атап айтқанда, келесі өзгерістер кіреді:

5 ХКЕС (IFRS) «Сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер және тоқтатылған қызмет»

Активтердің (немесе активтер тобының) есептен шығарылуы әдетте меншік иелерінің пайдасына сату не болмаса белу арқылы жасалады. Түзету осы әдістердің біреуін басқа әдіске ауыстыру есептен шығарудың жана жоспары ретінде емес, бастапқы жоспардың жалғасы ретінде есептелуі тиіс екендігін түсіндіреді. Осылайша, 5 ХКЕС (IFRS) талаптары үздіксіз қолданылады. Бұл түзету перспективті түрде қолданылуы тиіс.

7 ХКЕС (IFRS) «Қаржы құралдары: ақпаратты ашып көрсету»

Түзету комиссиялық сыйакыны қөздейтін қызмет көрсету шарты қаржы активіне жалғасып отырған қатысуды білдіре алатындығын түсіндіреді. Компания ақпараттың ашылып көрсетілуі қажет болып табылатындығын анықтау үшін мұндай келісімнің және комиссиялық сыйакының сипатын 7 ХКЕС-тің (IFRS) ұсынылатын жалғасып отырған қатысуды бағалау жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес бағалауы тиіс. Қызмет көрсету шарттарының кайсысы жалғасып отырған қатысуды білдіретіндігін бағалау амалдары ретроспективті негізде жасалуы тиіс. Бұл ретте компания мұндай түзетуді алғаш рет қолданған кезеңнің алдындағы қандай да бір кезеңге қатысты компания талап етілетін ақпаратты ашып көрсетуге міндетті емес.

Әділ құнды бағалау

Банк мұндай қаржы құралдарын, сауда және сату үшін қолда бар бағалы қағаздар, туынды құралдар ретінде әрір есепті құнға әділ құны бойынша бағалайды. Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын қаржы құралдарының әділ құнны туралы ақпарат 23-ескертпеледе ашылып көрсетіледі.

Активтің сатылғаны үшін алынған немесе бағалау қүніне нарық қатысушыларының арасында әдеттегі тәртіппен жасалатын мәміленің шенберінде міндеттеменің берілгені үшін төленген баға әділ құны болып табылады. Әділ құнды бағалау активті сату немесе міндеттемені беру бойынша мәміле:

- не бұл актив немесе міндеттеме үшін негізгі нарықта;
- не бұл актив немесе міндеттеме үшін барынша қолайлы нарықта негізгі нарықтың жоқтығы шартында болатындығын болжайды.

(Мың төңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Әділ құнды бағалау (жалғасы)

Банктің негізгі немесе барынша қолайлы нарыққа қол жеткізу мүмкіндігі болуы тиіс. Активтің немесе міндеттеменің әділ құны нарық қатысушылары активтің немесе міндеттеменің бағасын анықтау кезінде пайдаланатын жорамалдарды қолдана отырып бағаланады, бұл ретте нарық қатысушылары өздерінің ең үздік мұдделерінде әрекет етеді деп болжануда. Қаржылық емес активтің әділ құнын бағалау нарық қатысушысының активті барынша жақсы және барынша тиімді тәсілмен пайдаланудан немесе оны мұндай активті барынша жақсы және барынша тиімді тәсілмен пайдаланатын басқа нарық қатысушысына сатудан болатын экономикалық пайданы жасау мүмкіндігін ескереді.

Банк қалыптасқан жағдайда қолайлы болатын және әділ құнды бағалау үшін жеткілікті болатын деректер қолжетімді болатын бағалау әдістемелерін пайдаланады, бұл ретте орынды байқалатын бастапқы деректерді барынша және байқалмайтын бастапқы деректерді мейлінше пайдаланады.

Әділ құны бағаланатын немесе қаржылық есептілікте ашылып көрсетілетін барлық активтер мен міндеттемелер төменде сипатталған әділ құн көздерінің иерархиясы шенберінде жалпы әділ құнды бағалау үшін елеулі болып табылатын ең төмен деңгейдегі бастапқы деректердің негізінде жіктеледі:

- 1-денгей – ұқсас активтер немесе міндеттемелер бойынша (қандай да бір түзетулерсіз) белсенді нарықта нарыктық баға белгілеулері.
- 2-денгей – әділ құнды бағалау үшін маңызды болатын иерархияның ең төменгі деңгейіне жататын бастапқы деректер нарықта тікелей немесе жанама байқалатын болып табылатын бағалау үлгілері.
- 3-ші деңгей – иерархияның ең төмен деңгейіне жататын бастапқы деректердің әділ құны бойынша бағалау үшін елеулі болатын бағалау модельдері нарықта қадағаланбайтын болып табылады.

Қаржылық есептілікте мерзімді негізде мойындалатын активтер мен міндеттемелер жағдайында Банк әрбір есепті кезеңінің соына жіктеуді қайта талдай отырып (жалпы әділ құнды бағалау үшін маңызды болатын ең төменгі деңгейдегі бастапқы деректердің негізінде) иерархия көздерінің деңгейлері арасында аудару фактін айқындайды.

Қаржы активтері

Бастапқы тану

39 ХКЕС (IAS) ережелеріне сәйкес қаржы активтері пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржы активтері; несиeler және дебиторлық берешек; өтеуге дейін ұсталатын инвестициялар; сату үшін қолда бар қаржы активтері ретінде жіктеледі. Есепке алуда қаржы активтерін бастапқы бейнелеу кезінде Банк оларға тиісті санат береді және одан кейін төменде сипатталған белгілі бір жағдайларда қаржы активтерін қайта жіктей алады.

Мойындау күні

Қаржы активтерін сатып алу және сату бойынша барлық стандарт операциялар операция мерзімінде, яғни Банк өзіне активті сатып алу бойынша міндеттеме алатын мерзімде бейнеленеді. Сатып алу немесе сату бойынша стандартты операцияларға қаржы активтерін сатып алу немесе сату операциялары жатады, ері солардың шенберінде активтерді заңнамада белгіленген немесе нарықта қабылданған мерзімде жеткізу талап етіледі.

Nесиeler мен дебиторлық берешек

Несиeler мен дебиторлық берешек – тіркелген немесе айқындалатын төлемдері бар белсенді нарықта айналыста жүрмейтін туынды емес қаржы активтері. Олар деруе сатуға немесе жақын арада сатуға арналмаған және сату үшін қолда бар инвестициялық бағалы қағаздар немесе саудалық бағалы қағаздар ретінде жіктелмеген. Мұндай активтер пайыздың тиімді мөлшерлемесі әдісін пайдалана отырып амортизациялық құн бойынша көрсетіледі. Мұндай активтер бойынша кірістер мен шығыстар мұндай активтер есептен шығарылған немесе құнсызданған кезде, сондай-ақ амортизация процесінде пайдада немесе зиян құрамында көрсетіледі.

(Мың төңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Қаржы активтерін қайта жіктеу

Егер саудаға арналған деп жіктелген туынды емес қаржылық активке қатысты Банктің оны жақын арада сату ниеті болмаса, ол мынадай жағдайларда пайда немесе залал арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржылық активтердің санатынан қайта жіктелуі мүмкін:

- жоғарыда көрсетілген несиeler мен дебиторлық берешек анықтамасына жауап беретін қаржы активі Банктің осы активті көз жетерлік болашақта немесе өтеуге дейін ұстай ниеті және мүмкіндігі болса, несиeler мен дебиторлық берешек санатына қайта жіктелуі мүмкін;
- өзге қаржы активтері сату үшін қолда бар немесе өтеуге дейін ұсталатын активтер санатына өте сирек жағдайларда қайта жіктелуі мүмкін.

Несиeler мен дебиторлық берешектің анықтамасына сәйкес келетін болса, сату үшін қолда бар актив ретінде жіктелген қаржы активі Банктің осы активті көз жетерлік болашақта немесе өтеуге дейін ұстай ниеті және мүмкіндігі болса, несиeler мен дебиторлық берешек санатына қайта жіктелуі мүмкін.

Қаржы активтері қайта жіктеу күніне әділ құны бойынша қайта жіктеледі. Пайдада мен залалдарда бұрын мойындалған кірістер мен шығыстар қайтарылмайды. Қайта жіктеу мерзіміндегі қаржылық активтің әділ құны оның жаңа бастапкы немесе амортизацияланған құнына айналады.

Ақша қаражаты мен оның баламалары

Ақша қаражаты мен оның баламаларына қандай да бір шарттық міндеттемелер жүктелмеген колма-қол қаражат және пайда болған күннен бастап тоқсан күннің ішінде өтеу мерзімі бар КРҰБ-дағы және баска да банктердегі қаражат жатады.

«Репо» және кері «репо» шарттары және бағалы қағаздармен жасалатын қарыз операциялары

Бағалы қағаздарды сату және кері сатып алу шарттары («репо» шарттары) есептілікте қаржыландырудың құнсызданған операциялары ретінде көрсетіледі. «Репо» шарттары бойынша іске асырылған бағалы қағаздардың қаржылық жағдай туралы есепте бейнеленуі жалғастырылады және қарсы агенттің келісімшарт немесе жалпылама қабылданған тәжірибе талаптарынан шығатын осы бағалы қағаздарды сатуға немесе қайта кепілге қоюға құқығы болған жағдайда, «репо» шарттары бойынша кепілзат есебінде берілген бағалы қағаздардың санатына ауыстырылады. Тиісті міндеттемелер несиелік ұйымдар немесе клиенттер қаражатының құрамына енгізіледі. Кері сату («кері репо») шарттары бойынша бағалы қағаздар сатып алу жағдаятқа қарай несиелік ұйымдар немесе клиенттерге берілетін несиeler қаражатының құрамында бейнеленеді. Сату бағасы мен кері сатып алу бағасының арасындағы айырма пайыздар ретінде қаралады және тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісі бойынша «репо» шарттары қолданысы мерзімі ішінде есептеледі.

Қарсы агенттерге қарыз шарттарында берілген бағалы қағаздар қаржылық жағдай туралы есепте көрсетілуін жалғастырады. Қарыз шарттарында тартылған бағалы қағаздар олар үшінші тұлғаларға сатылған кездеға қаржылық жағдай туралы есепте көрсетіледі. Мұндай жағдайда сатып алу-сату мәмілесі саудалық бағалы қағаздармен операциялар бойынша шығыстарды шегере отырып кірістер құрамында пайда мен зияндар туралы есепте ескеріледі. Осылай бағалы қағаздарды қайтару жөніндегі міндеттеме сауда операциялары жөніндегі міндеттемелердің құрамында әділ құн бойынша көрсетіледі.

Қарыз қаражаты

Шығарылған қаржы құралдары немесе олардың құрамдас бөліктері, егер шарттық келісімнің нәтижесінде Банктің не ақша қаражатын немесе өзге де қаржы активтерін қою, не міндеттемені ақша қаражатының немесе баска да қаржы активтерінің тіркелген сомасын меншікті үlestік құралдардың тіркелген санына айырбастау арқылы өзге түрде орындау міндеттемесі болады. Мұндай құралдарға несиелік ұйымдардағы қаражат пен клиенттердің қаражаты кіреді. Бастапқыда мойындалғаннан кейін қарыз қаражаты пайыздың тиімді мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып, амортизацияланған құны бойынша көрсетіледі. Кірістер мен шығыстар міндеттемелердің мойындалуы тоқтаған кезде, сондай-ақ амортизация процесінде пайда немесе зиян құрамында бейнеленеді.

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Жалдау

Қаржылық жалдау – Банк жалға беруші ретінде

Банк жалдау төлемдері бойынша дебиторлық берешекті жалдау мерзімінің басталу күнінен бастап жалға жасалған таза инвестицияларға тең болатын сомада көрсетеді. Қаржылық кіріс тұракты кезенді кірістілік нормасын таза инвестициялардың баланстық сомасына көрсететін нобай бойынша көрсетіледі. Бастапқы тікелей шығындар жалдау төлемдері бойынша дебиторлық берешектің бастапқы сомасына қосылады.

Операциялық жалдау – Банк жалдауши ретінде

Мұлікті жалдау операциялық жал ретінде жіктеледі, ері мұндайда жалға беруші жалдау нысанына меншік құқығымен байланысты тәуекелдер мен пайданы іс жүзінде өзіне сақтап қалады. Операциялық жалдау шарты бойынша төлемдер жалдау мерзімі ішінде бірдей шығыстарға жатқызылады және өзге операциялық шығыстар құрамында ескеріледі.

Бастапқы тану кезінде қаржы құралдарын бағалау

Бастапқы тану кезінде қаржы құралдары әділ құны бойынша бағаланады, ері ол солармен тікелей байланысты комиссиялар мен шығындарды ескере отырып пайда немесе шығын арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын құралдар болған жағдайда түзетіледі.

Бастапқы тану кезінде қаржы құралының әділ құнның ең жақсы дәлелі мәміле бағасы болып табылады. Егер Банк бастапқы тану кезіндегі әділ құн мәміле бағасынан ерекшеленеді деген тұжырымға келсе:

- егер әділ құн үқсас актив немесе міндеттеме үшін белсенді нарықтағы баға белгілеудермен расталса (яғни 1-денгейдегі бастапқы деректер) немесе тек бақыланатын нарықтардың ғана деректерін пайдаланатын бағалау әдісіне негізделсе, Банк бастапты тану кезіндегі әділ құн мен мәміле бағасы арасындағы айырманы кіріс немесе шығыс ретінде мойындаиды;
- барлық қалған жағдайларда қаржы құралының бастапқы бағалануы бастапқы мойындау кезінде әділ құны мен мәміле бағасы арасындағы айырманы келешек кезендеге жатқызу үшін түзетіледі. Бастапқы танылғаннан кейін Банк кейінгे қалдырылған айырманы кіріс немесе шығыс ретінде тек егер бастапқы деректер кадағаланатынға айналғанда ғана не болмаса құралдың танылуы тоқтағанда мойындаиды.

Қаржы активтерін өзара есепке алу

Қаржылық жағдай туралы есепте тек таза сальдоны бейнелей отырып, қаржы активтері мен міндеттемелерді өзара есепке алу өзара есепке алуды жүргізуге заңды бекітілген құқық және бір мезгілде міндеттемені реттеумен активті іске асыру ниеті болған кезде ғана жүзеге асырылады. Есепке алу құқығы келешектегі оқиғаға негізделмеуі тиіс және барлық келесі жағдайларда заңды күшке ие болуы тиіс:

- әдеттегі қызметтің барысында;
- міндеттемелер орындалмаған жағдайда; және
- ұйым немесе қарсы агенттердің біреуі дәрменсіз немесе банкрот болып қалған жағдайда.

Бұл, әдетте, өзара есепке алу туралы бас келісімдерге қатысты орындалмайды және тиісті активтер мен міндеттемелер қаржылық жағдай туралы есепте толық сомада көрсетіледі.

Қаржы активтерінің құнсыздануы

Әрбір есепті қүнге Банк қаржы активінің немесе қаржылық активтер тобының құнсыздануының объективті белгілерінің болуын бағалайды. Қаржы активі немесе қаржы активтерінің тобы активті бастапқы танудан кейін орын алған бір немесе одан артық оқиға (орын алған «шығынның туындау жағдайы») нәтижесінде құнсыздандың объективті дәлелі болған және шығын орын алған жағдай (немесе жағдайлар) сенімді түрде бағалауга болатын қаржы активі мен қаржы активтерінің тобынан күтілетін болашақ ақша қаражаты ағымдарына әсер еткен жағдайда ғана құнсызданған ретінде шартты түрде белгіленеді. Құнсыздану белгілеріне қарыз алушы немесе қарыз алушылар тобының айтартықтай қаржылық кындықтарының болуы, пайыздардың немесе негізгі қарыз сомасының төлемдері бойынша міндеттемелердің бұзы, банкротқа ұшыраудың немесе қаржылық қайта ұйымдастырудың жоғары ықтималдылығы, сондай-ақ бақыланатын нарыктан альнатын акпарат негізіндегі дәлел, күтілетін болашақ ақша қаражаты ағымдарының азауы, мысалы мерзімі өткен төлемдер деңгейіндегі немесе активтер бойынша шығындармен ортақтастырылатын экономикалық жағдайлардағы өзгерістер кіреді.

(Мың төңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Қаржы активтерінің құнсыздануы (жалғасы)

Nесиелік ұйымдардағы қаражат және клиенттерге берілген несиeler

Амортизацияланған құн бойынша есепке алынатын басқа банктердегі қаражат пен клиенттерге берілетін қаржыздарға қатысты Банктің ең бірінші дербес негізде жеке маңызды қаржы активтері үшін немесе жеке маңызды болып табылмайтын қаржы активтері үшін тұтас құнсызданудың объективті белгілері болуын бағалайды.

Егер Банк жеке негізде бағаланған қаржы активі бойынша оның маңызды болып табылатындығына қарамастан құнсызданудың объективті белгілері жоқ деп шешсе, Банк бұл активті несиелік тәуекелдің осыған ұқсас сипаттамалары бар қаржы активтері тобына қосады. Соған қатысты құнсыздану шығындары мойындалатын дербес негізде құнсыздану мәніне бағаланатын активтер жиынтық негізде құнсыздану мәніне бағаланбауы тиіс.

Құнсызданудан шығынға ұшыраудың объективті дәлелдері болған жағдайда, шығын сомасы активтердің баланстық құны мен ақшалай қаражаттың болашақ бағалау ағымдарының келтірілген құнсыздық (әлі ұшырамаған несиeler бойынша болашақ күтілетін шығындарды ескермейтін) арасындағы айырманы білдіреді. Активтің баланстық құны резерв шотын пайдалану есебінен төмендейді және шығын сомасы пайда немесе зиян құрамында танылады. Пайыздық кірістер актив бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме негізінде төмендетілген баланстық құн бойынша есептелуін жалғастырады. Өтеудің нақты перспективалары болмаған және барлық қамтамасыз ету іске асырылған немесе Банкке берілген жағдайда, несиeler мен тиісті резерв есептен шығарылады. Егер келесі жылы құнсыздану шығындарын бағалау сомасы құнсыздану шығындары танылғаннан кейін болған оқиғаларға байланысты көбейсе немесе азайса, бұрын танылған құнсыздану шығындарының сомасы резерв шотын түзету арқылы көбейтіледі немесе азайтылады. Егер есептен шығару кейіннен қалпына келтірелті болса, онда қалпына келтіру сомасы жиынтық кіріс туралы есепте көрсетіледі.

Болашақ күтілетін ақша ағымдарының келтірілген құнсыздық қаржы активі бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша дисконттады. Егер несие ауыспалы пайыздық мөлшерлеме бойынша берілген болса, онда құнсыздану шығындарын бағалау үшін дисконттау мөлшерлемесі ағымдағы тиімді пайыздық мөлшерлеме болады.

Қамтамасыз ету ретінде берілген қаржылық активтер бойынша болашақ күтілетін ақша ағымдарының келтірілген құнсыздық есебі өндіру мүмкіндігінің болуына қарамастан қамтамасыз етуді алу мен іске асыру шығындары шегерілген өндіріп алу жағдайында алынуы мүмкін ақшалай қаражатты бейнелейді.

Құнсыздану белгілерінің болуын жиынтық бағалау мақсатында қаржы активтері тәуекелдің актив түрі, сала, қамтамасыз ету түрі, төлемдердің уақытылы болуы және басқа да факторлар сияқты сипаттамалары ескеріле отырып топтарға бөлінеді.

Құнсыздану жиынтық негізде бағаланатын қаржылық активтер тобы бойынша болашақ ақша ағымдары активтер бойынша шығындарға, топ активтерінің сипаттамасына ұқсас несиелік тәуекелдердің сипаттамасына қатысты тарихи акпарат негізінде анықталады. Шығындар бойынша тарихи акпарат шығындар бойынша тарихи акпарат бар жылдарға әсерін тигізбеген қолданыстағы талаптардың әсерін бейнелеу және осы сәтте жоқ тарихи кезең үшін талаптардың әсерін жоқка шығару мақсатында бақыланатын нарықтағы ағымдық акпарат негізінде түзетіледі. Болашақ ақша ағымдарының өзгерістерін бағалау әрбір жыл үшін бақыланатын нарықтағы тиісті акпараттың өзгерістерін бейнелейді және сәйкес келеді (мысалы, жұмыссыздық деңгейіндегі, жылжымайтын мүлік бағаларындағы, тауар бағаларындағы, төлем мәртебесіндегі немесе топ шеккен залалдар мен мөлшерінің дәлелі болатын басқа факторлардағы өзгерістер). Келешек ақша ағындарын бағалау үшін пайдаланылатын әдістеме мен жорамалдар шығындарды бағалау мен нақты нәтижелер арасындағы алшактықты қыскарту үшін үнемі қайта қаралып отырады.

Қарыздарды қайта құрылымдау

Кепіл затын өндіріп алудың орнына, мүмкіндігіне қарай, Банк несиeler бойынша талаптарды қайта қарастыруға тырысады, мысалы, төлемнің шарттық мерзімдерін ұзартып, несие берудің жаңа талаптарын келіседі.

Мұндай қайта құрылымдаудың есебі келесі тәсілмен жасалады:

- егер несиенің валютасы өзгерсе, алдыңғы несиенің мойындалуы тоқтатылады, ал жаңа несие қаржылық жағдай туралы есепте мойындалады;
- егер қайта құрылымдауарыз алушының қаржылық қындықтарымен негізделмese, Банк төменде сипатталған қаржылық міндеттемелердің мойындалуын тоқтату үшін қолданылатын әдіске ұқсас әдісті қолданады;
- егер қайта құрылымдауарыз алушының қаржылық қындықтарымен негізделсе және несие қайта құрылымдаудан кейін құнсызданған болып есептелсе, Банк жаңа талаптарға сәйкес бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып дисконттадыған келешек ақша ағындарының келтірілген құны мен қайта құрылымдауға дейінгі ағымдағы құн арасындағы айырманы есепті кезеңде құнсыздану шығыстарының құрамында мойындейдьы. Егер несие қайта құрылымдаудың нәтижесінде құнсызданбаған болса, Банк тиімді пайыздық мөлшерлемені қайта есептейді.

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Қаржы активтерінің құнсыздануы (жалғасы)

Қарыздарды қайта құрылымдау (жалғасы)

Несие, егер ол бойынша талаптар қайта қаралса, мерзімі өткен болып табылмайды. Банк басшылығы болашақ толемдерді жасаудың барлық критерийлерін және олардың мүмкіндіктерін сактауында көз жеткізу үшін қайта құрылымдалған несиelerді үнемі қайта қарап отырады. Мұндай несиeler жеке немесе жиынтық негізде құнсыздану мәніне бағалануын жалғастырады немесе олардың өтелетін құны кредиторлардың бойынша бастапқы немесе ағымдағы тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып бағаланады.

Қаржы активтері мен міндеттемелерді тануды тоқтату

Қаржы активтері

Қаржы активі (немесе қолданылу ретіне қарай – қаржы активінің бөлігі немесе осындай қаржы активтері тобының бөлігі) тануды догарады, егер:

- активтен ақша ағындарын алу құқығының қолданылу мерзімі аяқталса;
- Банк активтен келетін ақша ағындарын алу құқығын берсе немесе алған ақша ағындарын толығымен елеулі кешіктірусіз «транзиттік» келісім талаптарында үшінші тарапқа аудару міндеттемесін қабылдаса; сондай-ақ
- Банк (а) не активтен түсетін бүкіл пайда мен тәуекелді түгелімен дерлік берсе, (б) не бермесе, алайда активтен түсетін пайда мен тәуекелді өзінде де сактамайтын болса, бірақ осы активтің бақылануын берсе.

Егер Банк активтен келетін ақша ағымдарын алу құқығын оған байланысты бүкіл пайда мен тәуекелді бермей де, өзінде сактамай да, сондай-ақ активтің бақылануын бермей де берсе, мұндай актив есепке алуда Банктің бұл активтегі қатысуын жалғастыратын шекте бейнеленеді. Берілген актив бойынша кепілдеме нысанындағы активке қатысады жалғастыру Банкке төлемге берілуі мүмкін өтемнің ең жоғарғы мөлшері мен активтің бастапқы баланстық құны мәндерінің ең азы бойынша бағаланады.

Егер одан әрі жалғасатын активке қатысу берілетін активке сатылған және/немесе сатып алынған опциоң (есебі нетто-негіздегі ақша қаржатымен жүргізілетін опциоң немесе ұқсас құрал да кіреді) нысанын қабылдаса, Банктің одан әрі жалғасатын қатысуының мөлшері – әділ құны бойынша бағаланатын актив бойынша сатуға арналған опциоң (опциоң «пут») (есебі нетто-негіздегі ақша қаржатымен жүргізілетін опциоң немесе ұқсас құрал да кіреді) сатылған жағдайда қоспағанда, Банк өтемін төлеп ала алатын берілетін актив құны. Бұл жағдайда Банктің одан әрі жалғасатын қатысуының мөлшері екі көлемнің: берілетін активтің әділ құны мен опциоңның орындалу бағасының ең азы ретінде анықталады.

Қаржылық міндеттемелер

Қаржылық міндеттемені мойындауды тоқтату тиісті міндеттеме орындалған, күші жойылған немесе қолданылу мерзімі аяқталған жағдайда болады.

Қолданыстағы бір қаржылық міндеттемені сол кредитордың алдындағы басқа міндеттемеге елеулі ерекшеленетін талаптарда ауыстырған кезде немесе қолданыстағы міндеттеме талаптарына елеулі өзгерістер енгізілген жағдайда, бастапқы міндеттеме есептен алғынады, ал жаңа міндеттеме пайда немесе зиян курамында міндеттемелердің баланстық құнындағы айырма таныла отырып, есепке алуда бейнеленеді.

Қаржылық кепілдік шарттары

Әдеттегі қызметтің жүзеге асыру барысында Банк аккредитивтер мен кепілдіктер нысанында қаржылық кепілдемелер береді. Қаржылық кепілдік шарттары бастапқыда алынған комиссия мөлшерінде «Басқа да міндеттемелер» бабы бойынша әділ құны бойынша қаржылық есептілікте танылады.

Бастапқы танудан кейін Банк міндеттемесі әрбір кепілдеме шарты бойынша екі көлемнің: амортизациялық комиссия сомасы немесе кепілдік бойынша туындастын қаржылық міндеттемені реттеу үшін қажетті шығындардың ең жақсы бағасы.

Қаржылық кепілдеме шарттарына байланысты міндеттеменің көбеюі жиынтық кіріс туралы есепте ескеріледі. Алынған комиссия кепілдік шартының қолданылу мерзімі ішінде тең негізде жиынтық кіріс туралы есепте танылады.

(Мың төңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Салық салу

Корпоративтік табыс салығы бойынша ағымдағы шығыстар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес есептеледі.

Корпоративтік табыс салығы бойынша мерзімі ұзартылған активтер мен міндеттемелер баланстық міндеттемелер әдісін пайдалана отырып, уақытша айырмаларға қатысты есептеледі. Мерзімі ұзартылған корпоративтік табыс салығы жүзеге асырылу сәтінде бухгалтерлік пайдаға да, салық салынатын пайда мен шығынға да әсер етпейтін операция бойынша активтің немесе міндеттеменің бастапқы бейнеленуі нәтижесінде туындайтын жағдайлардан басқа кезде мерзімі ұзартылған корпоративтік табыс салығы қаржылық есептілік максаттары үшін активтер мен міндеттемелердің салықтық базасы мен олардың баланстық құны арасында туындайтын барлық уақытша айырмашылықтары бойынша бейнеленеді.

Мерзімі ұзартылған корпоративтік табыс салығы бойынша активтер салықтық базаны азайтатын осы уақытша айырмашылықтар қарсы есепке алынуы мүмкін болашақта салық салынатын пайда алу ықтималдылығы бар дәрежеде ғана көрсетіледі. Мерзімі ұзартылған корпоративтік табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер активті өткізу немесе қүшіне енген немесе есепті қүнге нақты қүшіне енген заңнамаға сүйене отырып міндеттемені реттеу кезеңінің ішінде қолданылатын салық салу мөлшерлемелері бойынша бағаланады.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасында Банктің қызметіне қатысты пайдаланылатын түрлі операциялық салықтар колданылады. Бұл салықтар өзге операциялық шығыстар құрамында бейнеленеді.

Негізгі құралдар

Негізгі құралдар жинақталған құнсыздану шығындары мен жинақталған амортизация шегерілген, құнделікті қызмет көрсету шығасылары ескерілмеген нақты құны бойынша бейнеленеді. Мұндай құнға, егер олар мойындау критерийлеріне жауап берсе, орын алу фактісі бойынша танылатын құрал-жабдықты ауыстыруға байланысты шығындар кіреді.

Бұл активтің баланстық құнын өтеудің мүмкін еместігін көрсететін оқиғалар мен жағдайлардағы өзгерістер туындаған жағдайда, негізгі құралдардың баланстық құнсыздануы бағаланады.

Актив амортизациясы оны пайдалану мүмкін болған кезде басталады. Амортизация келесі есептік мөлшерлемелердің негізінде желілік тәсілмен есептеледі:

Амортизация мөлшерлемелері

Компьютерлер және оффістік жабдықтар	20-50%
Көлік құралдары	15-20%
Жиһаз	15-20%

Қалдық құны, пайдалы қызмет мерзімі және активтердің амортизациясын есептеу әдістемелері әрбір есепті жыл сонында сарапталады және қажет болған жағдайда түзетіледі.

Жөндеу және қайта салу шығыстары олардың туындауына қарай шығасыларға жатқызылады және капиталдандырылуы тиіс жағдайларды қоспағанда, өзге операциялық шығыстар құрамына енгізіледі.

Материалдық емес активтер

Материалдық емес активтерге бағдарламалық жасақтама мен лицензиялар кіреді.

Болек сатып алынған материалдық емес активтер бастапқыда нақты құны бойынша бағаланады. Бизнесті біріктіру бойынша операциялар шенберінде сатып алынған материалдық емес активтердің нақты құны сатып алу қүнгі әділ құнды білдіреді. Бастапқы танудан кейін материалдық емес активтер жинақталған құнсыздану шығындары мен жинақталған амортизация шегерілген нақты құны бойынша көрсетіледі. Материалдық емес активтердің пайдалы қызмет етуінің шектелген немесе белгіленбеген мерзімі бар. Шектелген пайдалану мерзімі бар материалдық емес активтер 1-тен 7-ке дейінгі жылды құрайтын пайдалы қызмет мерзімі ішінде амортизацияланады, мүмкін құнсыздану белгілері болған жағдайда, құнсыздану мәніне сарапталады. Шектелген пайдалы пайдалану мерзімі бар материалдық емес активтердің амортизациясы кезеңі мен оны есептеу әдісі кем дегенде әрбір есепті жылдың сонында қайта қаралады.

(Мың төңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Резервтер

Егер Банктің өткеніндегі белгілі бір оқиғаның салдарынан реттелуі ықтималдылықтың үлкен дәрежесіндегі болашақ экономикалық пайданы қамтитын ресурстар шығысын талап ететін және сенімділіктің жеткілікте дәрежесінде бағалауға болатын заңды немесе ерікті түрде қабылдаған міндеттемелері болса, резервтер танылады.

Қызметкерлерді зейнетақымен қамсыздандыру және басқа да женілдіктер бойынша міндеттемелер

Банктің қызметкерлерге ағымдағы жалпы төлемдерден пайыз ретіндегі жұмыс берушінің ағымдық жарналарының есебі көзделетін Қазақстан Республикасының мемлекеттік зейнетакы жүйесіне қатысадан басқа зейнетақылық қамсыздандырудың косымша схемалары жоқ. Мұндай шығыстар тиісті жалақы қатысты болатын есепті кезеңде көрсетіледі. Мұнымен қатар еңбек қызметі тоқтатылған соң Банктің қызметкерлер үшін айтарлықтай женілдіктері жоқ.

Жарғылық капитал

Жарғылық капитал

Жай акциялар және өтелуге жатпайтын кумулятивті емес, артықшылықты акциялар капитал құрамында көрсетіледі. Бизнесті біріктіру жағдайларын қоспағанда, жана акцияларды шығаруға тікелей байланысты үшінші тараптардың қызметіне ақы төлеу шығасылары осы эмиссиялар нәтижесінде алынған соманың кемітілуі ретінде капитал құрамында бейнеленеді. Алынған қаражаттың әділ құнының шығарылған акциялардың атаулы құнынан асып кету сомасы косымша капитал ретінде бейнеленеді.

Дивидендтер

Дивидендтер есепті мерзімге дейін жарияланған жағдайда ғана міндеттемелер ретінде танылады және есепті мерзімдегі капитал сомасынан шегеріледі. Дивидендтер туралы ақпарат, егер олар есепті күнге дейін ұсынылса, сондай-ақ есепті күннен кейін, бірақ шығаруға қаржылық есептілікті бекіткен күнге дейін ұсынылса немесе жарияланса, есептілікті ашып көрсетіледі.

Шартты активтер мен міндеттемелер

Шартты міндеттемелер қаржылық жағдай туралы есепте бейнеленбейді, мұндайда оларды өтеуге байланысты ресурстардың шығарылуы күмәнді болып табылатын жағдайларды қоспағанда олар туралы ақпарат қаржылық есептілікті ашылады. Шартты активтер қаржылық жағдай туралы есепте бейнеленбейді, мұндайда оларға байланысты экономикалық пайданы алу мүмкін болып табылатын жағдайларда олар туралы ақпарат қаржылық есептілікті ашылады.

Кірістер мен шығыстарды тану

Егер Банк экономикалық пайда алады деген жоғары ықтималдылық болса, және егер түсімнің сенімді бағалануы мүмкін болса, түсім танылады. Қаржылық есептілікті түсімді тану үшін мынадай критерийлер орындалуы тиіс:

Пайыздық және дәл сондай кірістер мен шығыстар

Амортизацияланған құн бойынша бағаланатын барлық қаржы құралдары мен сатуға арналған қолда бар ретінде жіктелген пайыздық қаржы құралдары бойынша пайыздық кірістер мен шығыстар дисконттау кезіндегі тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша бейнеленеді, ол бойынша қаржылық құралды пайдаланудың болжалды мерзімі ішінде немесе қолданылуына қарай қысқарап мерзім ішінде күтілетін болашақ ақша төлемдері мен түсімдері дәлдікпен қаржылық активтің немесе қаржылық міндеттеменің таза баланстық құнында келтіріледі. Есептегендегі қаржы құралы бойынша барлық шарттық талаптар (мысалы, мерзімнен бұрын өтеу құқығы) және тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас болғанда оның табылатын құралға тікелей байланысты комиссиялық немесе косымша шығыстар ескеріледі, бірақ несиeler бойынша келешек шығындар ескерілмейді. Банк төлемдердің немесе түсімдердің бағаларын қайта қарастырган жағдайда, қаржы активінің немесе қаржылық міндеттеменің баланстық құны түзетіледі. Түзетілген баланстық құн бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме негізінде есептеледі, ал баланстық құнның өзгерісі пайыздық кірістер мен шығыстар ретінде бейнеленеді.

Қаржылық есептілікті бейнеленген қаржылық активтің немесе ұқсас қаржылық активтер тобының құны құнсыздану салдарынан төмендеген жағдайда, пайыздық кірістердің бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлеме бойынша жаңа баланстық құн негізінде танылуы жалғаса береді.

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Кірістер мен шығыстарды тану (жалғасы)

Комиссиялық кірістер

Банк клиенттерге көрсететін әр түрлі қызметтерден комиссиялық кірістер алады. Комиссиялық кірістер мынадай екі санатқа бөлінуі мүмкін:

- *Белгілі бір уақыт кезеңінің ішінде қызмет көрсеткені үшін алғынған комиссиялық кірістер*

Белгілі бір уақыт кезеңінің ішінде қызмет көрсеткені үшін алғынған комиссиялық кірістер сол кезеңінің ішінде есептеледі. Мұндай баптарға комиссиялық кірістер және кепілдіктер мен аккредитивтердің берілгені үшін сыйакы кіреді. Несиені пайдалану ықтималдылығы үлкен болса, несие беру бойынша міндеттемелер үшін комиссиялар және несие беруге байланысты өзге комиссиялар алдағы кезеңдерге жатқызылып (несиeler беруге тікелей байланысты шығасылармен қатар), несие бойынша тиімді пайыздық мөлшерлеменің түзетуі ретінде танылады.

- *Операцияларды жасау бойынша қызмет көрсетуден түсken комиссиялық кіrіster*

Есеп айрысу операцияларын, қолма-қол ақшамен операцияларды және басқа да қызметтерді жүзеге асырғаны үшін алғынған комиссиялық ақы мұндай операция аяқталғаннан кейін танылады. Кірістіліктің белгілі бір көрсеткіштеріне байланысты комиссиялық ақы немесе комиссиялық ақының бір бөлігі тиісті критерийлер орындалғаннан кейін танылады.

Шетел валюталарын қайта есептеу

Қаржылық есептілік Банктің функционалдық валютасы мен есептілікті ұсыну валютасы болып табылатын тенгемен берілді. Шетел валюталарындағы операциялар алдымен операция мерзімінде әрекет ететін Қазақстан Қор Биржасы (бұдан әрі мәтін бойынша – «ҚҚБ») белгілеген және ҚРҰБ жариялаган айырбастау бағамы бойынша функционалдық валютага қайта есептеледі. Шетел валюталарында көрсетілген монетарлық активтер мен міндеттемелер есепті қунғе қолданылатын айырбас бағамы бойынша функционалдық валютага қайта есептеледі. Шетел валюталарындағы операцияларды қайта есептеу кезінде туындайтын кірістер мен шығыстар жиынтық кіріс туралы есепте «Шетел валюталарындағы операциялар бойынша таза кірістер – валюталық баптарды қайта бағалау» бабы бойынша бейнеленеді. Шетел валютасында нақты құны бойынша көрсетілетін монетарлық емес баптар операцияны жасау қуніне қолданылатын айырбас бағамы бойынша қайта есептеледі. Шетел валютасында әділ құны бойынша көрсетілетін монетарлық емес баптар әділ құнды айқындау қуніне қолданылатын айырбас бағамы бойынша қайта есептеледі.

Шетел валютасындағы операциялар бойынша шарттық айырбастау бағамы мен мұндай операция мерзіміндегі ҚҚБ реңи бағамы арасындағы айырма шетел валютасындағы операциялар бойынша таза кірістердің кұрамына енгізіледі. 2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанында ҚҚБ-да белгіленген реңи айырбастау бағамы 1 АҚШ доллары үшін 333,29 теңгені және тиісінше 340,01 теңгені құрады.

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген стандарттар мен түсіндімелер

Төменде Банктің қаржылық есептілігін шығару қуніне шығарылған, бірақ күшіне енбеген стандарттар келтіріледі. Банк, қажет болғанда, мұндай стандарттардың күшіне ен күніне оларды қабылдауға ниеттеніп отыр.

9 XKEC (IFRS) «Қаржы құралдары»

2014 жылғы шілдеде XKEC жөніндегі кеңес 9 XKEC-тің (IFRS) «Қаржы құралдары» түпкі редакциясын шығарды, ол қаржы құралдары бойынша жобаның барлық сатыларының нәтижелерін көрсетіп, 39 XKEC-ті (IAS) «Қаржы құралдары: тану және бағалау» және 9 XKEC-тің (IFRS) барлық алдыңғы редакцияларын ауыстырады. Стандарт жіктеу мен бағалауға, сондай-ақ құнсыздануға және хеджирлеуді есепке алуға қатысты жаңа талаптарды енгізеді.

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбекен стандарттар мен түсіндірмeler (жалғасы)

9 XKEC (IFRS) «Қаржы құралдары» (жалғасы)

Жіктеу және бағалау бөлігінде жаңа стандарт, үlestік және туынды құралдарды қоспағанда, барлық қаржы активтерінің бағалануы үйым қаржы активтерін басқару үшін пайдаланатын бизнес-үлгіге және шартта көзделген ақша ағындарымен байланысты қаржы активтерінің сипаттамасына сүйене отырып аралас тәсілдің негізінде жасалауын талап етеді. 39 XKEC (IAS) белгілеген санаттардың орнына, қаржы құралдарының келесі санаттары енгізіледі: пайда немесе зиян (ПжЗ) арқылы әділ құны бойынша, басқа да жиынтық кіріс (БЖК) арқылы әділ құны бойынша және амортизацияланған құны бойынша бағаланатындар. Сондай-ақ 9 XKEC (IFRS) компанияларға амортизацияланған құны бойынша немесе БЖК арқылы әділ құны бойынша бағаланатын ретінде мойындау критерийлеріне жауап беретін қаржы құралдарын, егер бұл бағалау немесе мойындау тәсілдерінің бірізділіксіздікті жоюға немесе айтарлықтай азайтуға мүмкіндік берсе, пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланатындардың санатына жіктеуін жалғастыруға (бірақ кейіннен қайта жіктеу құқығынысыз) рұқсат етеді. Саудага арналмаған үlestік құралдар БЖК арқылы әділ құны бойынша бағаланатындардың санатына жатқызылуы мүмкін (бірақ кейіннен қайта жіктеу құқығынысыз), бұл ретте мұндай құралдар бойынша кірістер немесе шығыстар пайда мен зияндар туралы есепте көрсетілмеуі тиіс. Қаржылық міндеттемелерді есепке алу тәртібі 39 XKEC-тің (IAS) талаптарына ұқсас келеді.

9 XKEC (IFRS) кредиттердің құнсыздануын есепке алу тәсілін күрт өзгертеді. 39 XKEC-ке (IAS) сай болған залалдар негізіндегі тәсілдің орнына күтілетін несие залалдарын көрсетуді талап ететін болжамды тәсіл енгізіледі. Банк барлық несиeler және пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын басқа да борыштық қаржы активтері бойынша, сондай-ақ несиelerді беру міндеттемелері мен қаржылық кепілдік шарттары бойынша күтілетін несие залалдарына бағалау резервін мойындауға міндетті болады. Резерв келесі 12 айдың ішінде дефолт ықтималдылығымен негізделген күтілетін несиелік залалдарға тең болатын сомада бағалануы тиіс. Құрал бойынша несиелік тәуекел бастапқы танылған сәттен бастап айтарлықтай үлғайған жағдайларда, резерв активтің барлық мерзімінің ішінде дефолт ықтималдылығына сүйене отырып бағаланады.

9 XKEC (IFRS) 2018 жылғы 1 қантардан немесе осы мерзімнен кейін басталатын жылдық есепті кезендер үшін құшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Ретроспективті қолдану міндетті болып табылады, бірақ салыстырмалы ақпаратты қайта есептеу қажет емес. Стандартты қолданудың өту күніне (1 қантар 2018 жыл) ықпалын бөлінбекен пайданың құрамында көрсету қажет. 9 XKEC-ті (IFRS) қолдану Банктің қаржы активтерін жіктеуге және бағалауға әсерін тигізеді, бірақ оның қаржылық міндеттемелерінің жіктелуіне және бағалауына әсерін тигізбейді деп күтіледі. Банк құнсыздануды есепке алу бойынша 9 XKEC-тің (IFRS) талаптарын қолдану оның капиталына айтарлықтай ықпал етеді деп болжап отыр. Мұндай ықпалдың көлемін бағалау үшін Банкке бұқіл негізделген және расталған ақпаратты, оның ішінде болжамды ақпаратты ескеретін егжей-төгжейлі талдауды жасау қажет болады.

15 XKEC (IFRS) «Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім»

2014 жылғы мамырда XKEC жөніндегі Кенес 15 XKEC (IFRS) «Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім» шығарды, әрі ол 2018 жылғы 1 қантардан немесе осы қүннен кейін басталатын жылдық есепті кезендер үшін құшіне енеді. Мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. 15 XKEC (IFRS) түсімді мойындау қағидаттарын айқындауды және сатып алушылармен жасалатын барлық шарттарға қолданылуы тиіс. Дегенмен қаржы құралдарымен жалдау шарттарымен тікелей байланысты пайызыдық және комиссиялық кірістер 15 XKEC (IFRS) қолданылу аясынан тыс қалады және қолданыстағы басқа стандарттармен (мысалға, 9 XKEC (IFRS) және 16 XKEC (IFRS) «Жалдау») реттеледі.

15 XKEC (IFRS) сай түсім тауарлардың берілу немесе қызметтердің көрсетілу фактісі бойынша өтемақы мөлшерінде танылуы тиіс, соған арналған құқықты үйым мұндай тауарлардың немесе қызметтердің берілуіне айырбас ретінде алуды күтіп отыр. Сондай-ақ стандартта сатып алушылармен жасалған шарттармен негізделген түсімнің және ақша ағындарының сипаты, көлемі, мерзімдері мен пайда болу белгісіздігі туралы толық ақпаратты ашып көрсету талабы қамтылған. Банк 15 XKEC-ті (IFRS) мерзімінен бұрын қолдануды жоспарлап отырған жоқ және қазіргі уақытта бұл стандарттың ықпалын бағалауда.

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбекен стандарттар және түсіндірмeler (жалғасы)

16 XKEC (IFRS) «Жалдау»

2016 жылғы қантарда XKEC жөніндегі Кеңес жалдау шарттарының есепке алынуын реттейтін жаңа 16 XKEC (IFRS) «Жалдау» стандартын шығарды. Жалға берушілер үшін жалдау шарттарын жаңа стандарт бойынша есепке алу тәртібі айтарлықтай өзгермейді. Дегенмен жалға берушілер үшін жалдау шарттарының көпшілігін баланста жалдау міндеттемелерін және пайдалану құқығы нысанында оларға тиесілі активтерді көрсету арқылы мойындау талабы енгізіледі. Жалға алушылар барлық мойындалатын жалдау шарттары үшін бірынғай модельді пайдалануы тиіс, бірақ қысқа мерзімді жалдауды және сонда базалық активтің төмен құны болған жалдауды мойындауға мүмкіндігі бар. Барлық мойындалатын жалдау шарттары бойынша пайданы немесе зиянды мойындау тәртібі бүтіндей қаржылық жалдауды мойындаудың ағымдағы тәртібіне сәйкес келеді, бұл ретте пайыздық және амортизациялық шығыстар пайда мен зияндар туралы есепте белек танылады.

16 XKEC (IFRS) 2019 жылғы 1 қантардан немесе осы мерзімнен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енеді. Дәл сол қүннен компания 15 XKEC-тің (IFRS) түсімін есепке алу бойынша жаңа стандартты қолдануды бастамайды деген талаппен мерзімінен бұрын қолдануға жол беріледі. Банк 16 XKEC-ті (IFRS) мерзімінен бұрын қолдануды жоспарлап отырған жок және казіргі уақытта бұл стандарттың ықпалын бағалауда.

12 XKEC (IAS) «Пайдада салығы» түзетулер

2016 жылғы қантарда XKEC жөніндегі Кеңес борыштық құралдармен байланысты мерзімі ұзартылған салық активтерін есепке алу тәртібін түсіндіретін 12 XKEC-ке (IAS) түзетулердің жария етті, әрі олар бухгалтерлік есепке алу мақсатында әділ құны бойынша бағаланады, ал салықтық есеп мақсатында – бастапқы құны бойынша. Банк бұл түзетулерді қолдану оның қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсер етпейді деп болжап отыр.

7 XKEC (IAS) «Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп» түзетулер

2016 жылғы қантарда XKEC жөніндегі Кеңес компаниялардың өзінің қаржылық қызметі туралы ақпаратты ашып көрсетулерін жақсарту және пайдаланушыларға компанияның өтімділік бойынша ұстанамы жөнінде барынша дәл ұғымды қамтамасыз ету үшін 7 XKEC-ке (IAS) «Ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп» түзетулердің жария етті. Жаңа талаптарға сай компаниялар, ақша ағындарымен негізделген өзгерістерді, сол сиякты солармен негізделмеген өзгерістерді (мысалға, валюта бағамдарының құбылуы нәтижесінде) қоса алғанда, қаржылық қызметпен негізделген міндеттемелердегі өзгерістер туралы ақпаратты ашып көрсетеді. Түзетулер 2017 жылдың 1 қантарынан бастап күшіне енеді. Қазіргі уақытта Банк осы түзетулердің әсерін бағалауда.

2 XKEC (IFRS) түзетулер «Акцияларга негізделген төлемдер»

XKEC жөніндегі Кеңес акциялардың негізіндегі төлемдер бойынша операцияларды жіктеуге және бағалауға қатысты 2 XKEC-ке (IFRS) «Акцияларга негізделген төлемдер» түзетулерді шығарды. Түзетулер стандартты қолдану тәжірибесіндегі алшактықтарды жоюға бағытталған, бірақ тек жіктеу мен бағалауға ғана қатысы бар мәселелердің шектелген ауқымын қарастырады. Түзетулерде үш негізгі сала бойынша талаптар нактыланады:

- құқықтардың өту талаптарының ақша қаражатын есептей отырып акциялардың негізіндегі төлемдер бойынша операцияларды бағалауға әсері;
- акциялардың негізіндегі төлем бойынша операцияларды жіктеу, соның талаптары компанияға қызметкер үшін тиісті салықты төлеу міндеттін орындау үшін қызметкерге берілетін үлестік құралдардың бір бөлігін ұстап қалуға рұқсат етеді;
- акциялардың негізіндегі төлем бойынша операциялардың талаптарын түрлендіру оның ақша қаражатымен есеп айырысулармен операциялар санатынан үлестік құралдармен есеп айырысулармен операциялар санатына қайта жіктеуді талап еткен жағдайларда есепке алу тәртібі.

Мұндай түзетулер 2018 жылғы 1 қантардан немесе осы қүннен кейін басталатын жылдық есепті кезеңдер үшін күшіне енеді. Түзетулерді қолдану компаниядан алдынғы кезеңдер үшін деректердің қайта есептеуді қажет етпейді; ретроспективті қолдану компания барлық түзетулерді бірден қолдану жөнінде шешімді қабылдайтындығы және кейір басқа критерийлерді орындаитындығы талабымен рұқсат етіледі. Сондай-ақ мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі. Бұл түзетулер Банкке қандай да бір әсерін тигізбейді деп күтіледі.

(Мың төңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

3. Есеп саясатының негізгі ережелері (жалғасы)

Шығарылған, бірақ әлі күшіне енбекен стандарттар және түсіндірмелер (жалғасы)

4 ХКЕС-ке (IFRS) музетулер 9 ХКЕС-ми (IFRS) «Каржы құралдары» 4 ХКЕС-пен (IFRS) «Сақтандыру шарттары» бір мезгілде қолдану

Түзетулер компаниялар қазіргі уақытта ХКЕС жөніндегі Кенес 4 ХКЕС-тің (IFRS) орнына әзірлеп жатқан сақтандыру шарттарын есепке алу бойынша жаңа стандартты қолданбайынша 9 ХКЕС (IFRS) қаржы құралдары бойынша жаңа стандарттың қолданылуына орай туындастын мәселелерді жоюға арналған. Түзетулерге сай, сақтандыру шарттарын жасайтын компаниялар екі нұсқаның бірін таңдай алады: 9 ХКЕС-ті (IFRS) қолданудан уақытша босату немесе салу әдісін пайдалану. 9 ХКЕС-ті (IFRS) қолданудан уақытша босатуды қызметі басым сақтандырумен байланысты компаниялар пайдалана алады. Мұндай компаниялар 9 ХКЕС-ті (IFRS) қолдануды 2021 жылдың 1 қантарына дейін, бірақ бұл мерзімнен кеш емес кейінге қалдыра отырып, 39 ХКЕС-ті (IAS) «Каржы құралдары: тану және бағалау» қолдануды жалғастыра алады. Өтейтін тәсіл 9 ХКЕС (IFRS) пен 4 ХКЕС (IFRS) бірмезгілде қолдану кезінде туындауы мүмкін қосымша волатильділікті жокқа шығару үшін пайданы немесе зиянды міндетті түрде түзетуді көздейді.

Уақытша босатуды алғаш рет 2018 жылғы 1 қантардан немесе осы күннен кейін басталатын есепті кезендерге қатысты қолдануға рұқсат беріледі. Өтейтін тәсілді компания 9 ХКЕС-ті (IFRS) алғаш рет қолдану кезінде таңдай алады және 9 ХКЕС-ке (IFRS) өту кезінде белгілі бір санатқа жатқызылған қаржы активтеріне қатысты ретроспективті түрде қолданылуы тиіс. Бұл түзетулер Банкке қандай да бір әсерін тигізбейді деп қүтіледі.

4. Маңызды есептік пайымдаулар мен бағалаулар

Бағалаудың белгісіздігі

Банктің есепке алу саясатын қолдану процесінде басшылық өзінің пікірлерін пайдаланды және қаржылық есептілікте танылған соманы анықтауга қатысты бағалау жасады. Төменде пайымдаулар мен бағалауды пайдаланудың барынша елеулі жағдайлары көрсетілген:

Несиelerdiң құнсыздану резерви

Банк несиeler мен дебиторлық берешектің құнсыздануын түрде сараптап отырады. Тәжірибеге сүйене отырып, Банк құнсыздану шығындарын қарыз алушы қаржылық қындықтарды басынан кешіріп отырган және ұқсас қарыз алушылар туралы нақты деректердің жеткілікті көлемі болмаған жағдайларда бағалауда өзінің пікірін пайдаланады. Банк қарыз алушылардың міндеттемелерін өтеу мәртебесіндегі жағымсыз өзгерістерді немесе активтер бойынша міндеттемелерді орындауда параллель мемлекеттік не жергілікті экономикалық жағдайлардың өзгеруін көрсететін байқалып отырган деректер негізінде болашақ ақша ағымдарының өзгерісін ұқсас түрде бағалайды. Басшылық несиeler мен дебиторлық берешектің тобы бойынша құнсызданудың объективті белгілері бар және несиелік тәуекелдің ұқсас сипаттамасындағы активтерге қатысты шығындар құрылымы туралы тарихи деректерге негізделген бағалауды пайдаланады. Тәжірибеге сүйене отырып, Банк ағымдағы міндеттемелерді бейнелеу үшін топтың несиelerіне немесе дебиторлық берешегіне қатысты байқалатын деректерді түзету кезінде өзінің субъективті пікірін пайдаланады.

Салық салу

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасында негізгі салық мәселелерін реттейтін бірынғай Салық кодексі қолданылады. Қолданылатын салықтарға қосылған құнға салынатын салық, корпоративтік табыс салығы, әлеуметтік және басқа да салықтар кіреді. Көп жағдайларда нормативтік-құқықтық актілерді қолдану бойынша аткаруышылық өкімдер түсініксіз болып табылады немесе олар тіптен жоқ және үлгі боларлық жағдайлардың шамалысы ған анықталды. Ведомстволар арасында, сондай-ақ бір ведомствоның ішінде ережелердің заңи тұжырымдамасына қатысты түрлі пікірлер жиі кездеседі, бұл біршама белгісіздік пен кикілжің жағдайлар түдірады. Салық декларациялары, сондай-ақ заңи реттеудің басқа да салалары (мысалы, кеден және валюталық бақылау мәселелері) заң бойынша елеулі айыппұлдарды, өсімпұлды және тұрақсыздық айыбын есептеуге құқылы бірнеше ведомство бақылауында. Мұндай жағдай, мысалы, салықтық заңнама жүйелері анағұрлым дамыған басқа елдерге қарағанда Қазақстан Республикасында салықтық тәуекелдер ықтималдылығының үлкен дәрежесін қалыптастырады.

Басшылық Банк оның қызметтің реттейтін Қазақстан Республикасының салық заңнамасының ережелерін ұстанады деп есептейді. Дегенмен, тиісті органдар даулы салық мәселелеріне қатысты өзге ұстанымды ұстанады деген тәуекел бар.

(Мың тәңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

4. Манызды есептік пайымдаулар мен бағалаулар (жалғасы)

Бағалаудың белгісіздігі (жалғасы)

Шыгарылған кепілдіктер бойынша резерв жеткіліктігі

Банк кепілдіктер және соған үқсас шыгарылған баланстан тыс несие құралдары бойынша тәуекелге ұшырағыштығын үнемі тексеріп отырады. Бұл құралдар құнсыздану мәніне тексеріледі және олар бойынша карыз жағдайындағыдай, резерв құрылады. Банк кепілдік бойынша міндettемелерді реттеуге кажетті ресурстардың ағып кету ықтималдығының негізінде шыгарылған кепілдіктер бойынша резервтерді түзету үшін өзінің алдыңғы тәжірибесін пайдаланады.

5. Ақша қаражаты мен оның баламалары

31 желтоқсанға ақша қаражаты мен оның баламаларына келесі позициялар кіреді:

	2016 жыл	2015 жыл
Қолма-қол ақша қаражат	563.973	201.823
ҚРҰБ-дегі корреспонденттік шоттар	690.183	525.024
Басқа банктердегі корреспонденттік шоттар	451.334	1.783.826
Ақша қаражаты мен оның баламалары	1.705.490	2.510.673

Қазакстандық заңнамага сәйкес Банк өзінің белгілі бір міндettемелерінің үлесі ретінде есептелген міндettі резервтердің белгілі бір мөлшерін ұстап отыруға міндettі. Мұндай резервтер ҚРҰБ-дің ағымдағы шоттарында немесе ҚРҰБ-дің ағымдағы шоттарындағы ақша қаражатының жиынтық сомасының орташа айлық қалдықтары мөлшерінде қолма-қол ақша массасында немесе резервтерді қалыптастыру кезеңінде ұлттық валютада қолма-қол ақша қаражатында болуы тиіс. Бұған қарамастан, Банк өзінің күнделікті қызметін қаржыландыру үшін бұл қаражатты пайдалануда шектелмеген.

2016 жылдың 31 желтоқсанына мұндай міндettі резервтер 51.478 мың теңге (2015 жылдың 31 желтоқсанына: 47.789 мың теңге) болды.

6. Клиенттерге берілетін несиeler

31 желтоқсанға клиенттерге берілетін несиelerге келесі позициялар кіреді:

	2016 жыл	2015 жыл
Коммерциялық несиелендіру	12.734.526	12.973.616
Дербес кәсіпкерлер	326.509	402.517
Шағын бизнес кәсіпорындарын несиелендіру	122.478	65.567
Ипотекалық қарыздар	30.606	35.875
Тұтынушылық несиелендіру	10.045	36.575
Клиенттерге берілген несиelerдің жиыны	13.224.164	13.514.150
Несие портфелінің құнсыздану резерві	(1.493.263)	(1.325.611)
Клиенттерге берілген несиeler	11.730.901	12.188.539

(Мың тенгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

6. Клиенттерге берілетін несиeler (жалғасы)

Клиенттерге берілген несиelerдің құнсыздану резерві

Төменде клиенттерге берілетін несиelerдың құнсыздану резервін өзгеру талдауы көрсетілген:

	Коммерци- ялық несиелендіру	Дербес көсіпкерлер	рындарын несиелендіру	Шагын бизнес көсіпо- рындарын несиелендіру	Ипоте-калық қарыздар	Тұтыну- шылық несиелендіру	Жиыны
2016 жылдың 1 қантарына	1.292.793	27.271	5.547	—	—	—	1.325.611
Бір жылға есептеу/(қайтару)	464.101	31.770	(5.547)	—	—	—	490.324
Есептен шығару	(322.672)	—	—	—	—	—	(322.672)
2016 жылдың 31 желтоқсанына	1.434.222	59.041	—	—	—	—	1.493.263
Жеке негіздегі құнсыздану	1.434.222	59.041	—	—	—	—	1.493.263
Жеке негізде бағаланған құнсыздану резерві есептөн шығарылғанға дейінгі құнсызданған ретінде жеке негізге бағаланған қарыздар сомасының жиыны	9.784.568	268.009	—	—	—	—	10.052.577

Төменде 2015 жылды клиенттерге берілетін несиelerдың құнсыздану резервінөзгеруін талдау көрсетілген:

	Коммерци- ялық несиелендіру	Дербес көсіпкерлер	рындарын несиелендіру	Шагын бизнес көсіпо- рындарын несиелендіру	Ипоте-калық қарыздар	Тұтыну- шылық несиелендіру	Жиыны
2015 жылдың 1 қантарына	1.043.235	—	1.389	—	—	—	1.044.624
Бір жылға есептелгені	783.237	27.271	4.158	—	—	—	814.666
Есептен шығару	(533.679)	—	—	—	—	—	(533.679)
2015 жылдың 31 желтоқсанына	1.292.793	27.271	5.547	—	—	—	1.325.611
Жеке негіздегі құнсыздану	1.292.793	27.271	5.547	—	—	—	1.325.611
Жеке негізде бағаланған құнсыздану резерві есептөн шығарылғанға дейінгі құнсызданған ретінде жеке негізге бағаланған қарыздар сомасының жиыны	8.338.050	263.656	55.474	—	—	—	8.657.180

2016 жылдың 31 желтоқсанына аяқталған жыл үшін құнсызданған ретінде резервтер танылған қарыздар бойынша есептелген пайыздық кірістер 409.174 мың тенге болды (2015 жылы: 735.049 мың тенге).

Несиелік тәуекелді азайтатын қамтамасыз ету және басқа құралдар

Банк берілуін талап ететін қамтамасыз етудің мөлшері мен түрі карсы агенттің несиелік тәуекелді бағалаудың тәуелді. Қамтамасыз ету түрлерінің және бағалау өлшемдерінің рұқсат етілуіне катастырылған белгіленген.

Төменде алынған қамтамасыз етудің негізгі түрлері көрсетілген:

- Коммерциялық несиелендіру кезінде – жылжымайтын мүлік, өндірістік жабдық пен тауар-материалдық қорлар және басқалар кепілі.
- Жеке тұлғаларды несиелендіру кезінде – тұргын жылжымалы мұліктің кепілі.

Басшылық қамсыздандырудың нарықтың құнына мониторинг жүргізеді, негізгі келісімге сойкес қосымша қамсыздандыруды сұратады, сондай-ақ құнсыздану шығындарына резервтің жеткіліктілігін тексеру барысында алынған қамсыздандырудың нарыктың құнын кадағалап отырады.

(Мың тенгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

6. Клиенттерге берілетін несиeler (жалғасы)

Клиенттерге берілетін несиelerдің шоғырлануы

2016 жылдың 31 желтоқсанына Банк ірі он қарыз алушыға берген несиelerдің шоғырлануы 7.985.762 мың теңге болды (жиынтық несие портфелінің 60%) (2015 жылы: 7.853.605 мың теңге; жиынтық несие портфелінің 58%). Осы қарыздар бойынша 1.227.237 мың теңге мөлшерінде құнсыздану резерві құрылды (2015 жылы: 806.786 мың теңге).

Клиенттердің типтері бойынша несие портфелінің құрылымы байлаша көрсетілген:

	2016 жыл	2015 жыл
Жеке компаниялар	11.422.782	11.740.842
Жеке тұлғалар мен кәсіпкерлер	308.119	447.697
Клиенттерге берілетін несиeler	11.730.901	12.188.539

Төменде экономика салаларының бөлігінде несиeler портфелінің құрылымы көрсетілген:

	2016 жыл	2015 жыл
Сауда кәсіпорындары	3.910.969	3.884.471
Құрылыш және қызмет көрсету	2.790.768	2.971.828
Машина жасау	1.640.640	1.627.208
Қызметтер	934.191	1.084.200
Көлік	835.449	450.606
Ауыл шаруашылығы және азық-түлік өнеркәсібі	644.700	1.039.489
Металл бұйымдарын өндіру	409.709	385.103
Жеке тұлғалар мен кәсіпкерлер	308.119	447.697
Көмір өнеркәсібі	200.276	150.313
Баспа қызметі	-	86.360
Басқасы	56.080	61.264
Клиенттерге берілетін несиeler	11.730.901	12.188.539

7. Қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек

2016 және 2015 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешекті талдау байлаша көрсетілген:

	2016 жыл		
	1 жылдан артық емес	1 жылдан 5 жылға дейін	Жыныс
Қаржылық жалдауға салынған			
инвестициялардың жалпы сомасы	41.761	-	41.761
Қаржылық жалдау бойынша келешек кезеңдердің енбек сінбеген қаржылық кірісі	(442)	-	(442)
Қаржылық жалдауға таза инвестициялар	41.319	-	41.319
2016 жылдың 31 желтоқсанына қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	41.319	-	41.319
2015 жыл			
	1 жылдан артық емес	1 жылдан 5 жылға дейін	Жыныс
Қаржылық жалдауға салынған			
инвестициялардың жалпы сомасы	42.478	482	42.960
Қаржылық жалдау бойынша келешек кезеңдердің енбек сінбеген қаржылық кірісі	(549)	(70)	(619)
Қаржылық жалдауға таза инвестициялар	41.929	412	42.341
2015 жылдың 31 желтоқсанына қаржылық жалдау бойынша дебиторлық берешек	41.929	412	42.341

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

8. Басқаларға берілген несиeler бойынша дебиторлық берешек

Дебиторлық берешек Ислам Банкі қызметінің талаптарына сәйкес келмеуі негізінде айырбасталуға жатпайтын несиeler бойынша басқаларға берілген талап ету құқықтары бойынша берешектен тұрады. 2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша басқаларға берілген несиeler бойынша дебиторлық берешек 580.699 мың теңге болды (2015 жылғы 31 желтоқсан: нөл теңге). 2016 жылғы Банк 181.870 мың теңге жалпы сомаға басқаларға берілген несиeler бойынша дебиторлық берешекті бастапқыда мойындау әсерін және 41.855 мың теңге мөлшерінде дисконт амортизациясын мойындағы.

9. Негізгі құралдар

Негізгі құралдардың қозғалысы келесі тәсілмен көрсетілген:

	Компьютерлер және офистік жабдықтар	Көлік құралдары	Жиһаз	Жынысы
Бастапқы құн				
2014 жылдың 31 желтоқсанына	35.568	6.584	16.139	58.291
Түсімдер	561	—	4.092	4.653
Есептен шығару	(2.715)	—	(1.879)	(4.594)
2015 жылдың 31 желтоқсанына	33.414	6.584	18.352	58.350
Түсімдер	7.841	—	1.995	9.836
Есептен шығару	(2.571)	—	(4.528)	(7.099)
2016 жылдың 31 желтоқсанына	38.684	6.584	15.819	61.087
Жинақталған тозу				
2014 жылдың 31 желтоқсанына	(13.968)	(2.085)	(6.773)	(22.826)
Бір жылға есептеу	(7.510)	(1.317)	(4.151)	(12.978)
Есептен шығару	2.715	—	1.870	4.585
2015 жылдың 31 желтоқсанына	(18.763)	(3.402)	(9.054)	(31.219)
Бір жылға есептеу	(8.632)	(1.317)	(4.657)	(14.606)
Есептен шығару	2.440	—	4.527	6.967
2016 жылдың 31 желтоқсанына	(24.955)	(4.719)	(9.184)	(38.858)
Қалдық құны				
2014 жылдың 31 желтоқсанына	21.600	4.499	9.366	35.465
2015 жылдың 31 желтоқсанына	14.651	3.182	9.298	27.131
2016 жылдың 31 желтоқсанына	13.729	1.865	6.635	22.229

(Мың теңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

10. Материалдық емес активтер

Материалдық емес активтердің қозғалысы байлаша көрсетілген:

	<u>Бағдарламалық жасақтама мен лицензиялар</u>
Бастапқы құн	
2014 жылдың 31 желтоқсанына	55.100
Түсімдер	5.151
Есептен шығару	(3.587)
2015 жылдың 31 желтоқсанына	56.664
Түсімдер	1.382
Есептен шығару	(10.560)
2016 жылдың 31 желтоқсанына	47.486
Жинақталған амортизация	
2014 жылдың 31 желтоқсанына	(26.986)
Бір жылға есептеу	(10.169)
Есептен шығару	3.587
2015 жылдың 31 желтоқсанына	(33.568)
Бір жылға есептеу	(9.692)
Есептен шығару	10.560
2016 жылдың 31 желтоқсанына	(32.700)
Қалдық құны	
2014 жылдың 31 желтоқсанына	28.114
2015 жылдың 31 желтоқсанына	23.096
2016 жылдың 31 желтоқсанына	14.786

11. Корлар

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қорларға қарыздарды өтеу бойынша Банктің алдында өз міндеттемелерін орындаған қарызы алушыдан Банк өндіріп алған жылжымайтын мүлік кіреді. Банк келешекте өндірілп алынған жылжымайтын мүлікті сатуды жоспарлап отыр.

12. Салық салу

Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстарға келесі позициялар кіреді:

	<i>2016 жыл</i>	<i>2015 жыл</i>
Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	168.207	170.685
Мерзімі ұзартылған корпоративтік табыс салығы бойынша үнемдеу – уақыт айырмаларының пайда болуы және қайтару	(25.832)	(13.476)
Өткен кезеңдердің ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстарды түзету	(10)	97
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	142.365	157.306

Компанияның кірісіне Қазакстан Республикасындаған салық салынады. Салық заңнамасына сәйкес 2016 және 2015 жж. корпоративтік табыс салығының қолданылатын мөлшерлемесі 20,0% күрады.

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банктің ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша міндеттемелері нөл теңгені (2015 жылғы 31 желтоқсанға: 9.807 мың теңгені) күрады.

(Мың төңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

12. Салық салу (жалғасы)

Осы қаржылық есептіліктегі көрсетілген корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар мен 31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін салықтың нормативтік мөлшерлемесіне көбейтілген корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстарды есепке алғанға дейінгі пайда арасындағы салыстырып текстеру былайша болды:

	2016 жыл	2015 жыл
Корпоративтік табыс салығының шығыстарына дейінгі пайда	678.896	783.150
Салықтың нормативтік мөлшерлемесі	20%	20%
Нормативтік мөлшерлеме бойынша есептелген корпоративтік табыс салығы бойынша теориялық шығыстар	135.779	156.630
 Салық салынбайтын кірістер		
Қаржылық жал бойынша салық салынбайтын пайыздық кіріс	(1.045)	(1.358)
Есепке жатқызылмайтын әкімшілік шығыстар	7.783	2.173
Өткен кезеңдердің түзетуі	(10)	97
Басқа да тұрақты айырмалар	(142)	(236)
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар	142.365	157.306

31 желтоқсанға мерзімі ұзартылған корпоративтік табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер, сондай-ақ олардың тиісті жылдардағы қозғалысына келесі позициялар жатады:

	Жыныстық кіріс туралы есептегі		Жыныстық кіріс туралы есептегі		
	2014 жыл	қайтарылуы	2015 жыл	қайтарылуы	
Шегерілетін уақыт айырмаларының салық өсери					
Басқаларға берілген қарыздар бойынша дебиторлық берешек	–	–	–	28.003	28.003
Еңбекақыны төлеу қоры бойынша телемдер	2.581	7.439	10.020	(6.211)	3.809
Пайдаланылмаған демалыстар бойынша есептеу	1.570	192	1.762	265	2.027
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер	–	–	–	1.676	1.676
Көсіби қызметтер бойынша есептелген шығыстар	2.074	(1.037)	1.037	49	1.086
Мерзімді депозиттер	19	631	650	(551)	99
Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған активтер	6.244	7.225	13.469	23.231	36.700
 Салық салынатын уақыт айырмаларының салық өсери					
Клиенттерге берілген қарыздар	(7.291)	4.589	(2.702)	2.403	(299)
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтер	(1.860)	1.662	(198)	198	–
Корпоративтік табыс салығы бойынша кейінге қалдырылған міндеттемелер	(9.151)	6.251	(2.900)	2.601	(299)
Мерзімі ұзартылған корпоративтік табыс салығы бойынша таза актив/(міндеттеме)	(2.907)	13.476	10.569	25.832	36.401

(Мың тенгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

13. Басқа да активтер мен міндеттемелер

31 желтоқсанға басқа активтерге келесі позициялар кіреді:

	2016 жыл	2015 жыл
Тауарлар мен қызметтер үшін алдын ала төлем	17.228	1.115
Алынуға жататын комиссиялық ақылар	2.713	1.464
Корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлем	-	1
Басқасы	1.770	3.547
Басқа да активтер	21.711	6.127

31 желтоқсанға басқа міндеттемелерге келесі позициялар кіреді:

	2016 жыл	2015 жыл
Қызметкерлерге берешек	19.044	50.137
Берілген кепілдіктер бойынша комиссияны алдын ала төлеу	13.135	31.797
Пайдаланылмаған демалыстар бойынша резерв	10.136	8.812
Кәсіби қызметтер үшін несиелік берешек	5.432	5.186
«Қазақстанның салымдарды сақтандыру қоры» АҚ алдындағы берешек	1.191	1.354
Басқасы	3.126	810
Басқа да міндеттемелер	52.064	98.096

14. Несиелік ұйымдардың қаражаты

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша несиелік ұйымдардың қаражатына негізінен 31.295 мың тенге және тиісінше 21.674 мың тенге жалпы сомаға (2015 жылғы 31 желтоқсанға: нөл тенге) Жеке Секторды Дамыту жөніндегі Ислам Корпорациясы мен Парсиан Банктің (Тегеран, Иран) ағымдағы шоттары жатады.

15. Клиенттердің қаражаты

31 желтоқсанға клиенттердің қаражатына келесі позициялар кіреді:

	2016 жыл	2015 жыл
Ағымдағы шоттар	1.882.628	739.526
Мерзімді депозиттер	566.167	2.262.818
Клиенттердің қаражаты	2.448.795	3.002.344

Кепілдіктер бойынша қамтамасыз ету ретінде ұсталатын **560.329** 1.084.027

2016 жылдың 31 желтоқсанына 2.114.344 мың тенге (клиенттер қаражатының жиынтық сомасының 86,34%) мөлшеріндегі клиенттердің қаражаты ірі он клиенттің қаражатын білдіреді (2015 жылды 2.792.567 мың тенге (клиенттер қаражатының жиынтық сомасының 93,01%)).

2016 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша клиенттердің мерзімді салымдарының құрамына 363.806 мың тенге (2015 жылғы 31 желтоқсанға: 1.129.670 тенге) сомадағы жеке тұлғалардың салымдары қосылды. Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне сәйкес Банк салымшының талабы бойынша жеке тұлғалардың салымдарын төлеуге міндетті. Мерзімді салым мерзім өткенге дейін салымшының талабы бойынша оған қайтарылған жағдайда, салым бойынша пайыздар, егер шартта пайыздардың өзге мөлшері көзделмесе, Банк талап еткенге дейінгі салымдар бойынша төлейтін пайыздардың мөлшеріне сәйкес келетін мөлшерде төленеді.

31 желтоқсанға клиенттердің қаражатына келесі позициялар кіреді:

	2016 жыл	2015 жыл
Ағымдағы шоттар		
Жеке тұлғалар	1.125.173	99.144
Жеке кәсіпорындар	757.455	640.382
	1.882.628	739.526
Мерзімді депозиттер		
Жеке тұлғалар	363.806	1.129.670
Жеке кәсіпорындар	202.361	1.133.148
	566.167	2.262.818
Клиенттердің қаражаты	2.448.795	3.002.344

(Мың төңгемен, егер өзгесі көрсетілмесе)

15. Клиенттердің қаражаты (жалғасы)

Төменде экономика салалары бойынша клиенттер қаражатының бөлінуі келтірілген:

	2016 жыл	2015 жыл
Жеке тұлғалар	1.488.979	1.228.814
Кұрылыш	318.376	86.582
Энергетика	271.728	294.292
Қаржы лизингі	196.995	1.256
Сауда	60.665	214.528
Көлік және байланыс	44.056	1.132.603
Отын	41.377	30.792
Өнеркәсіптік өндіріс	21.622	9.550
Ауыл шаруашылығы	3.073	1.023
Басқасы	1.924	2.904
Клиенттердің қаражаты	2.448.795	3.002.344

16. Шартты міндеттемелер бойынша резервтер

Төменде шартты міндеттемелердің құнсыздану резервінің қозғалысы көрсетілген:

	<i>Шығарылған кепілдіктер</i>	<i>Жиыны</i>
2014 жылдың 31 желтоқсанына	468.868	468.868
Қайтару	(286.598)	(286.598)
2015 жылдың 31 желтоқсанына	182.270	182.270
Қайтару	(9.208)	(9.208)
2016 жылдың 31 желтоқсанына	173.062	173.062

17. Капитал

2015 және 2016 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Банктің жарияланған, шығарылған және толығымен төленген жай акцияларының жалпы саны 10.000.000 акция болды. Акцияларды орналастыру құны бір жай акция үшін 1.005 теңге болды.

Банктің жарғылық капиталын акционерлер тенгемен салды әрі олардың дивидендтерге және капиталдағы тенгемен болатын кез келген бөлүдерге құқығы бар. Әрбір жай акция бір даусы беру құқығын береді. Банк акционерлерінің жылдық жалпы жиналышының 2016 жылғы 24 мамырдағы шешіміне сәйкес Банк 2016 жылы Банктің 2015 жылғы қызметінің нәтижелері бойынша 625.844 мың теңге мөлшерінде (2015 жылы: 578.388 мың теңге) дивидендтерді жария етіп, төледі.

18. Шарттық және шартты міндеттемелер

Саяси және экономикалық жағдайлар

Қазақстанда экономикалық реформалар және нарықтық экономиканың талаптарына жауап беретін құқықтық, салықтық және әкімшілік инфрақұрылымның дамуы жалғасуда. Қазақстандық экономиканың тұрақтылығы көбінесе осы реформалардың барысына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Үкіметі экономика, қаржы және ақша-кредит саясаты саласында қолға алатын шаралардың тиімділігіне тәуелді болады.

2016 жылы, 2015 жылдағыдай шикі мұнай бағасының айтарлықтай төмендеуі және теңгениң елеулі девальвациясы қазақстандық экономикаға теріс әсерін тигізуі жағдастырды. Аталған факторлар капиталдың коллежетімділігінің төмендеуіне, капитал құнының ұлғаюына, инфляцияның көтерілуіне және одан кейінгі экономикалық өсімге катысты белгісіздікке әкеп соктырды, бұл Банктің қаржылық жағдайына, операциялардың нәтижелеріне және экономикалық перспективаларға теріс әсерін тигізуі мүмкін. Банк басшылығы ағымдағы жағдайларда Банктің экономикалық тұрақтылығын қолдау бойынша лайықты шараларды қолға алып отыр деп санды.

18. Шарттық және шартты міндеттемелер (жалғасы)

Заци мәселелер

Банк іскерлік операциялармен байланысты түрлі сот талқылауларының әлеуетті нысанасы болып табылады. Банк жеке немесе жиынтық түрде қанағаттандырылмаған немесе қауіп төндіретін талаптардың мұндай түрлерінің Банктің қаржылық жағдайына немесе қызмет нәтижелеріне елеулі кері әсерін тигізу ықтималдылығы бар деп санамайды.

Банк жекелеген міндеттемелер нәтижесінде туындастын елеулі міндеттемелер ықтималдылығын бағалап, міндеттеменің туындау себебі болған оқиғалардың орын алу ықтималдылығы болған және міндеттеме сомасы жеткілікті дәрежедегі нақтылықпен есептелуі мүмкін болған кезде ғана қаржылық есептілігінде резервтер құрады. Банк жоғарыда сипатталған қандай да бір шартты міндеттеме бойынша осы қаржылық есептілікте резервті құрмады.

Салық салу

Түрлі заңнамалық және нормативтік-құқықтық актілердің ережелері үнемі нақты тұжырымдаға бермейді және олардың интерпретациясы жергілікті салық органдарының инспекторлары мен Қаржы министрлігінің лауазымды тұлғаларының пікіріне тәуелді болады. Жергілікті, аймақтық және республикалық салық органдарының арасында пікір қайшылықтары туындастын жағдайлар да аз емес. Қазақстан заңдарын, қаулыларын және тиісті нормативтік-құқықтық актілерін мәлімделген немесе табылған бұзушылықтардың колданыстағы айыппұлдар мен өсімпұлдар режимі өте қатал. Айыппұл санкцияларына даулы соманы тәркілеу (валюталық заңнаманы бұзғаны үшін), сондай-ақ, әдетте, төленбеген салықтар сомасының 50%-ы мөлшеріндегі айыппұлдар кіреді.

Банк қолданылатын бүкіл салық төленді немесе есептелді деп санайды. Түсініксіз жағдайларда Банк салықтық міндеттемелерді басшылықтың негізделген бағалауды негізінде есептеді. Банктің саясаты резервтерді шығын ықтималдылығы бар есепті кезеңде тануды қөздейді және оның сомасы жеткілікті дәрежедегі нақтылықпен анықталуы мүмкін.

Қазақстандық салық салу жүйесіне тән белгісіздіктерге байланысты салықтардың, айыппұл санкцияларының және өсімпұлдың әлеуетті сомасы осы уақыт бойынша шығыстарға жатқызылған және 2016 жылғы 31 желтоқсанға есептелген сомадан асып кетуі мүмкін. Мұндай соманы есептеу мүмкіндігі мен олардың әлеуетті маңызды сипатына қарамастан, Банк басшылығы не олардың болу ықтималдығы аз, не бағалау мүмкін емес, не екеуі де бір мезгілде болуы мүмкін деп санайды.

Қаржылық және шартты міндеттемелер

31 желтоқсандағы жағдай бойынша Банктің қаржылық және шартты міндеттемелеріне келесі позициялар кірді:

	2016 жыл	2015 жыл
Несие сипатындағы міндеттемелер		
Шығарылған кепілдіктер	3.137.642	4.025.260
Несиelerді беру міндеттемелері	1.249.080	909.239
	4.386.722	4.934.499
Операциялық жалдау бойынша міндеттемелер		
1 жылдан артық емес	57.897	49.909
	57.897	49.909
Шарттық және шартты міндеттемелер (қамтамасыз ету шегерілгенге дейін)	4.444.619	4.984.408
